БОЛЖАЛДЫ
АҚТАУ

BAITEREK

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | 2017

«БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ

# ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Холдинг) өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметінің маңыздылығын түсінеді және ішкі және сыртқы тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тырысады. 2013 жылдан бастап Холдинг жыл сайын корпоративтік https://baiterek.gov.kz/kk/resources?field_resource_type_target_id=96 интернет-сайтында берілген жылдық есептерінде өз қызметінің нәтижелерін жария етеді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жылға жылдық есебі (бұдан әрі — Есеп) халықаралық ақпарат ашу стандарттарына сәйкес дайындалған, сондай-ақ Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпарат бар бірінші Есеп болып табылады. Есепті дайындау барысында тұрақты даму саласындағы Жаһанды принциптер Стандарттарының (GRI Standards, ашудың «негізгі» нұсқасы) ұсыныстары, Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің ережелері, сондай-ақ ақпарат ашудың үздік практикалары пайдаланылды. Есепте Холдингтің адам құқығын қорғау, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Жаһанды шарт принциптеріне, сондай-ақ БҰҰ 2015 жылы қабылдаған «Біздің әлемді түрлендіру: Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібі» құжаты аясында Тұрақты даму мақсаттарына пейілдігі туралы ақпаратты ашуға бөлек назар аударылған.

Осы Есеп Холдингтің 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қызметінің нәтижелерін көрсетеді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2016 жылғы жылдық есебі 2017 жылғы шілде айында жарияланған болатын.

### ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ

Осы Есеп мазмұнын анықтау мақсатында ашылатын мәселелер маңыздылығына бағалау жүргізілді. Холдинг үшін маңызды аспектілердің алдын ала тізбесі халықаралық балама-компаниялардың ақпарат ашу бойынша үздік практикаларын, сондай-ақ есеп кезеңіндегі Холдингтің негізгі оқиғалары мен ішкі құжаттар ережелерін талдау нәтижелері негізінде жасалды. Қосымша Холдинг құрылымдық бөлімшелердің басшылары және жұмыскерлеріне сауалнама жүргізді, ал ол Есепте ашу үшін ең маңызды тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген талдауды, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін тақырыптар маңыздылығын ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ маңызды аспектілердің соңғы тізбесін анықтады.

## МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕКТЕРІ

| Санат | Тақырып | Есептегі парақтары | Холдинг ішінде | Холдингтен тыс |
|---|---|---|---|---|
| Экономикалық | Экономикалық нәтижелілік | 64-71 | ✓ | ✓ |
| | Тікелей емес экономикалық әсер | 7, 67-71 | ✓ | ✓ |
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар | 55 | ✓ | ✓ |
| Экологиялық | Талаптарға сәйкестік | 77 | ✓ | ✓ |
| Әлеуметтік | Жұмыспен қамту | 78-79 | ✓ | ✓ |
| | Оқыту және білім беру | 80-81 | ✓ | ✓ |
| | Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер | 80-81 | ✓ | ✓ |

Есепті жылда Есептің басымды тақырыбы бірінші рет таңдап алынды, ол Холдинг алдына қойған міндеттерге байланысты Есеп мазмұнын құрылымдауға мүмкіндік берді. «Күтулерді ақтау» басымды тақырыбы Холдингтің негізгі миссиясы — Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақты дамуына қолдау көрсетуді практикалық жүзеге асыру мақсатына бағытталған.

### ЕСЕП ШЕКАРАЛАРЫ

Осы Есеп Холдинг Топтарының қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Холдингтің 11 еншілес ұйымы туралы ақпарат 6.1 «Еншілес ұйымдардың 2017 жылдағы қызметі» Қосымшасында нақты берілген.

Қаржы-экономикалық нәтижелер 5.1. ХҚЕС шоғырландыру периметріне сәйкес «Операциялық және қаржы қызметі» және 5.2 «Инвестициялық қызмет» бөлімдерінде көрсетілген. Есептің басқа бөлімдерінде де, егер өзгеше көрсетілмесе, жалпы Холдинг Тобы бойынша ақпарат берілген.

# МАЗМҰНЫ

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ** ........ **02**
**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ** ........ **04**
**ҚЫЗМЕТТІҢ 2017 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ** ........ **06**
**2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР** ........ **08**

**1. ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ**
1.1. Даму тарихы ........ 12
1.2. Ұйымдық құрылымы ........ 14
1.3. Холдингке қолдау көрсету құралдары ........ 15
1.4. Даму стратегиясы ........ 22

**2. ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ**
2.1. Макроэкономикалық шолу ........ 25
2.2. Холдингтің негізгі қызмет түрлері бойынша құралдарының нарықтық үлесі ........ 27

**3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**
3.1. Корпоративтік басқару жүйесі ........ 32
3.2. Жалғыз акционер ........ 34
3.3. Директорлар кеңесі ........ 35
3.4. Басқарма ........ 46
3.5. Корпоративтік хатшы ........ 51
3.6. Ішкі аудит қызметі ........ 52
3.7. Корпоративтік әдеп және мүдделер шиеленістерін реттеу ........ 54
3.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ........ 55

**4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ**
4.1. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері ........ 58
4.2. Холдингтің негізгі тәуекелдері ........ 60

**5. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ**
5.1. Операциялық және қаржы қызметі ........ 64
5.2. Инвестициялық қызмет ........ 67
5.3. Тұрақты даму саласындағы қызмет ........ 71

**6. ҚОСЫМШАЛАР**
6.1. 2017 жылдағы еншілес ұйымдардың қызметі ........ 84
6.2. Жылдық қаржы есептілігі ........ 106
6.3. GRI көрсеткіштерінің кестесі ........ 114
6.4. БҰҰ Жаһанды шартының принциптері ........ 118
6.5. Глоссарий ........ 119
6.6. Байланыс ақпараты ........ 122

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында экономикалық өсудің жаңа моделін құру жөнінде міндет қойылған. Мұнда кәсіпкерлікті дамыту, индустрияландыру мен тұрғын үй құрылысы негізгі мемлекеттік бағдарламалардың операторы ретінде қызмет атқаратын «Бәйтерек» Холдингінің басшылық етуімен даму институттарына ерекше рөл бөлінеді.

Құрылған сәттен бастап 5 жыл ішінде Холдинг кәсіпкерлер мен халық арасында беделге ие болып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігі айтарлықтай арта түсті. Егер 2013 жылы активтер-



**БАҚЫТЖАН САҒЫНТАЕВ**

дегі кредиттік және инвестициялық портфельдердің үлесі 47% құраса, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ол 69%-ға жетті.

Тиімділігін арттыру және кредит берумен қамту кредиттік және инвестициялық портфельді жаңа тәсілдермен басқаруды, сондай-ақ кәсіпкерлермен жұмыс істеу кезінде бизнес-процестерді жетілдіруді және жылдамдатуды енгізумен қамтамасыз етілген.

Осындай шаралардың нәтижесінде экономиканың шикізат емес салаларындағы ірі кәсіпорындарды жыл сайынғы ұзақ мерзімді кредиттеуде Холдингтің үлесі 2013 жылғы 19%-дан 2017 жылғы 44%-ға дейін 2 есеге артты.

2017 жылы жаңа сын-қатерлер және мүмкіндіктерді ескеретін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2023 жылға дейін Даму стратегиясы жаңартылды.

Жаңа кезеңде Холдингке экономикаға мемлекеттік емес инвестицияларды тарту, ірі кәсіпорындарды қолдау мен шағын және орта бизнестің өсуі үшін жағдайлар жасау, экспорттық әлеуетті арттыру, қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойылған.

Елді Үшінші технологиялық жаңғырту толқынының бағыттарын ескере отырып, Ұлттық басқарушы холдинг экономиканың басым секторларына әлеуетті инвесторларды іздеуді жүргізеді және қазақстандық және шетелдік инвесторлар үшін қаржы қызметтерінің кешенді пакетін ұсынады.

Директорлар кеңесі корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерді ұстанатынын растайды және Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық даму мақсатында Холдинг институттары жұмысының тиімділігі мен ашықтығын арттыруға одан әрі ықпал етуге ниет білдіреді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы,
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
**Бақытжан Сағынтаев**

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

**Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!**

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ экономиканың басымды секторларына мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетуде, мемлекеттік емес және шетелдік инвестициялар тартуда, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесін дамытуда негізгі рөл атқарады.

Жылдық есеп Холдингтің еліміз экономикасының тұрақты дамуына әртараптандыру, инновацияларға қолдау көрсету, экспорт пен еңбек өнімділігін арттыру арқылы көмек көрсету жолдарын көрсетеді.

Холдингтің 2017 жылғы қызметінің барлық бағыттары бойынша көрсетілген қолдау шараларының арқасында Қазақстан экономикасында 85 мың жұмыс орны құрылып, сақталды, бюджетке 418 млрд теңге салық төленді, 5 662 млрд теңгеге өнім өндірілді, шет елге 192 млрд теңгеге өнім экспортталды, 628,6 мың ш. м. тұрғын үй — ол 10 829 пәтер пайдалануға берілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жылы инвестициялар тарту және ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да



**АЙДАР ӘРІПХАНОВ**

қаржы құралдарын дәріптеу аясында шетелдік компаниялармен, әртүрлі елдердің қаржы институттарымен және үкімет өкілдерімен 25 кредиттік шарт пен шектелмелі келісімдерге қол қойды. 2017 жылы 2 094 млрд АҚШ доллары мен 3 млрд ресей рублі сомасына инвестициялар тартылды. Сондай-ақ есепті жылда қолдау көрсететін қаржы құралдарын басым жағдайда шағын және микробизнестің қосалқы сегменттеріне қайта бағдарлау бойынша жұмыстар жүргізілді. Осы үрдістің басты мақсаты — жұмыс орындарын ашу мен шығарылатын өнім көлемін арттырудың барынша мол тиімділігіне қол жеткізу.

Өткен жылдың қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза пайдасы 44 млрд теңгеге дейін өсті. Есеп кезеңінде Холдинг тобының активтері 8%-ға өсіп, 4 433 млрд теңгені құрады. Капитал 2017 жылы 943 млрд теңгеден 1 052 млрд теңгеге дейін өсті.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің экономикалық және операциялық тиімділігін көтерудің негізгі жолдарының бірі Холдингтің өзінде де, еншілес ұйымдарда да корпоративтік стандарттарды өзектендіру болып табылады. Қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен сыртқы нарықтағы жоғары шикізаттық баға циклінің аяқталғанын ескере отырып, Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы жаңартылды. Онда мемлекеттің ұлттық экономикаға қатысуын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары елдерінің деңгейіне дейін — 2020 жылға 15%-ға дейін түсіру бойынша міндеттер ескерілген.

Бұған қоса, ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы бекітілді. Кодексте тұрақты даму қағидасына аса назар аударылған, оның аясында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың келісімділігі көзделеді. Осы тәсіл Холдингтің адами ресурстарды және тәуекелдерді басқаруды және жоспарлауды, менеджментті, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және т.б. қоса алғанда, барлық негізгі үрдістерге біріктіріледі.

2017 жылға қорытынды жасай отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның еншілес ұйымдары Елбасы мен Үкімет қойған міндеттерді табысты орындауда және Қазақстанның экономикалық дамуының одан әрі перспективасына бағыт алған деп сеніммен айтуға болады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының Төрағасы,
**Айдар Әріпханов**

# ҚЫЗМЕТТІҢ 2017 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

## ХОЛДИНГТІҢ ҚР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН МІНДЕТТЕРІ




## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР




Ескертпе: Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташы жылдық бағамы: 2015 — 221,73 KZT/USD; 2016 — 342,16 KZT/USD; 2017 — 326,00 KZT/USD. Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

## ХОЛДИНГТІҢ 2017 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН КЕЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР (2015 ЖЫЛДАН БЕРГІ ЖИНАҚТАЛҒАНДАРДЫ ҚОСА)

### САҚТАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

бірл.




### ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР

млрд теңге




### ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

бірл.




### ЭКСПОРТТАЛҒАН ӨНІМ

млрд теңге




### ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ПӘТЕР

бірл.




### ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ПӘТЕР

мың ш.м.



# 2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## КРЕДИТ РЕЙТИНГІН БЕРУ

Fitch Ratings рейтинг агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ рейтингін «BBB» деңгейінде бағалады, болжам «Тұрақты». Moody's Investors Service рейтинг агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Baa3» деңгейіндегі рейтингіті берді, болжам — «Тұрақты». Холдинг рейтингтері Қазақстанның егеменді рейтингіне сәйкес. Ұлттық ұзақ мерзімді рейтингтер «AAA(kaz)» / «Aaa.kz» деңгейінде.

## ҚАРЫЗДАРДЫ ТАРТУ

2017 жылы Холдинг Тобы бойынша жалпы 467 млрд теңге сомасына қарыздар тартылды (топішілік қаржыландыруды есепке алмай). Бұл ретте қаражаттардың 63% жуығы мемлекеттік емес көздерден тартылған.

2017 жылы «ҚДБ» АҚ Қазақстан эмитенттері үшін 100 млрд теңге сомасына еуробондтарды теңгеге деноминирлеудің дебютті бұқаралық шығарылымын (көптеген шетелдік және отандық инвесторлар үшін) жүзеге асырды, қағаздар эмиссиясы көлемінің 98% халықаралық инвесторлар сатып алды.

## КОРПОРАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ

Үкіметтің 01.06.2017 жылғы №331 қаулысымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясының жаңа редакциясы бекітілді.

Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 646 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Басқарманың 27.12.2017 жылғы шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018-2023 жылдарға арналған Цифрландыру стратегиясы бекітілді (№ 53/17 хаттама). 28.12.2017 жылғы № 127-Б Бұйрық негізінде бизнестің кешенді және клиентке бағдарланған қолдауын қамтамасыз ететін «Digital Baiterek» Бірыңғай кәсіпкерлікті қолдау порталы ақпараттық жүйесі тұрақты (өнеркәсіптік) пайдалануға енгізілді.

### КЕЛІСІМДЕРДІ ЖАСАУ

Холдинг пен Абу-Даби Mubadala егеменді қоры арасында ҚР инфрақұрылымдық және өзге жобаларын Kazakhstan Infrastructure Fund (KIF) қоры аясында 500 млн АҚШ долларына дейін қоса инвестициялау туралы келісім жасалды.

KIF аясында CITIC Capital Silk Road Fund және Qatar Investment Authority 150 млн АҚШ долларына дейін қоса инвестициялау туралы келісім жасалды.

Экономиканың басым секторларын қаржыландыру үшін шетелдік қорландыруды тарту аясында «Даму» Қоры» АҚ АДБ-мен 72 млрд теңгеге, ЕҚДБ-мен — 13 млрд теңгеге қарыз алу туралы келісімге қол қойды.

«KPPF» ЖШС, EBRD және International Finance Corporation арасында индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп іріктеу және жүзеге асыру үшін Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Осы меморандум аясында жобаларды дайындауға келісімшарттар жасасу мәселесі талқыланады.

2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын жүзеге асыру аясында «KPPF» ЖШС қолдауымен Қазақстан Республикасы Үкіметі және түрік және Оңтүстік Корея компаниялары арасында жалпы сомасы 151 млрд теңгеге Алматы үлкен айналма автомобиль жолының (АҮААЖ) құрылысы мен оны пайдалану жобасы бойынша келіссөздер аяқталды.

### ХОЛДИНГ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Холдингтің еншілес ұйымдары «ҚДБ» АҚ мен «ҚКМ» АҚ «ҚДБ» АҚ жобаларын капиталға айналдыру мақсатында мөлшері 100 млн АҚШ долларына DBK EquityFund тікелей инвестициялар қорын құрды.

Сонымен қатар, Холдинг құрылымды оңтайландыру процедураларын жүргізді, атап айтқанда, «ҚИҚ» АҚ бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2015 жылғы № 1141 «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қаулысына сәйкес жалпы сомасы 337 млн теңге болатын 4 жоба бойынша қатысу үлесі сатылды, «ТДҰА» АҚ бойынша «Қ.И. Сатпаев ат. ҚазҰТУ технопаркі» ЖШС-не қатысу үлесі сатылды.

### ЖАО МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жалғыз қаржы операторының функцияларын орындау аясында кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бойынша «БД» АҚ жалпы сомасы 72 млрд теңгеге ЖАО облигацияларын сатып алды.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС САЛАЛАРЫНЫҢ ІРІ КӘСІПОРЫНДАРЫНА БЕРІЛГЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІ








## ХОЛДИНГТІҢ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛІ (ІРІ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН ТІКЕЛЕЙ КРЕДИТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ АЯСЫНДА)









2017 жылы шикізаттық емес салаларды ұзақ мерзімді кредиттеуге берілген әрбір

**2 ші ТЕҢГЕ**

**— Холдинг инвестициялары.**

# I. ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

## 1.1 ДАМУ ТАРИХЫ

### 2013

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен даму институттарын, қаржы институттары мен ұлттық экономиканың дамуын басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында құрылды.
- Холдингтің негізгі міндеті — өзінің жекеменшік құқығындағы және сеніммен басқаруға берілген ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялар мен басқа заңды тұлғалардың акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару.
- Холдинг құрамына бұрын мемлекеттік органдар мен «Самұрық — Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқаруында болған 10 даму институты кірді.

### 2014

- Холдинг 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасының операторы. Холдинг құрамында 2013 және 2014 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген 20 млрд теңге капитал айналымымен Kazakhstan Infrastructure Fund инфрақұрылымдық қоры құрылды.
- Елдің инфрақұрылымдық дамуына қолдау көрсету үшін Холдинг пен «Қазақстандық МЖС орталығы» АҚ бірлесіп, «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі жобаларын қолдау орталығы» ЖШС құрды (қазіргі — «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС).
- Холдинг құрылымында Baiterek Venture Fund — экономиканың басым секторларын инвестициялауға арналған венчурлық қор құрылды.
- Еуропа қайта құрылымдау және даму банкімен ШОБ-ке кредит беру үшін 10 млрд теңге көлемінде «БанкЦентрКредит» АҚ қарызы бойынша кепілдік туралы келісімге қол қойылды.

### 2015

- «Ұлт жоспары — 100 нақты қадам» 62-қадамы аясында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары — Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына бастамашылық жасалды, оның мақсаты ЕАЭЫ бәсекеге қабілетті көшбасшылары бола алатын қатысушы компаниялардың қарқынды өсуіне қолдау көрсету болып табылады. Үш саланың: тамақ өнеркәсібінің (16 компания), машина жасау (6 компания) және құрылыс материалдарын өндіру (5 компания) бойынша 27 қатысушы компания анықталды.
- 2020 жылға дейін аймақтарды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру аясында Холдинг «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ «Тұрғын үй» бағыты бойынша 425,4 мың ш. метр (7 234 пәтер) тұрғын үйді пайдалануға берді және «Қазақстан Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» АҚ желісі бой-

ынша 404 мың ш. метр тұрғын үй (6 558 пәтер) сатып алуды қамтамасыз етті.

- E-gov-те «Даму» қоры» АҚ-дан жекеменшік кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер алу өтінімдерін қарау үрдісі автоматтандырылды. Жас кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша «Startup Bolashak» стартап-жобаларының конкурсы» жобасы жүзеге асырылды.

## 2016

- Холдинг «Нұрлы жол», 2015-2019 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму, «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік дәне үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру жұмыстарын жалғастырды.
- «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары — Ұлттық чемпиондар» бағдарламасы аясында қатысушы компаниялардың 2016 жылғы түсімі 2015 жылғы түсімнен 26%-ға артып, 423 млрд теңгені құрады.
- Тікелей кредиттеу аясында өңдеу өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылым (энергетика, көлік және байланыс) саласындағы жобалар 278 млрд теңгеге қаржыландырылды, ал ол алдыңғы жылғы көрсеткіштен 6%-ға, немесе 16 млрд теңгеге артық.
- «Даму» Қоры» АҚ желісі бойынша 606 млрд теңге сомасына ШОБ 13 мыңға жуық жобаларына (Банктердің ШОБ кредиттеуінің жалпы көлемінің 31%) қолдау көрсетілді.
- «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Холдинг 15 324 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етті. Пәтерлердің жалпы ауданы: жалға берілген және кредиттелген тұрғын үйлерді енгізу бойынша 456,9 мың ш. метрді, ал тұрғын құрылыс жинақ жүйесі бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру 452,5 мың ш. метрді құрады.
- Ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры «ТҚКҚ» АҚ болып өзгертілді.
- «ҚДБ» АҚ 95 млрд теңге сомасына 10 экспорттық операцияны қаржыландырды, соның ішінде «Talas Investment Company» мен «ҚазАзот» компанияларының екі мәмілесін қаржыландырды, оларға «ҚДБ» АҚ –мен бірге қарыздардың барлық сомасына сақтандыру өтелімін ұсынған «ҚазЭкспортГарант», АҚ қатысты.
- «Трансферт пен технологияларды енгізу» бағыты бойынша инновациялық гранттар алуға 212 өтінім қаралып, 2 млрд теңге сомасына 66 шартқа қол қойылды. Кепілдік алушылар 4 млрд теңге салық төледі, 58 млрд теңгеге өнім шығарды. Бұл ретте экспорт 28 млрд теңгені құрады.
- 2016 жылғы қыркүйек айында «МЖС жобаларын қолдау орталығы» ЖШС мандатын кеңейту және индустриалды және инфрақұрылымдық жобалардың жобалық құжаттамасын қаржыландыру және жасау бойынша «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС Қорына атауын өзгерту туралы шешім қабылданды.

# 1.2 ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ — құрамына 11 еншілес ұйым[1] кіретін, Қазақстан экономикасының әртүрлі субъектілеріне қолдау көрсету құралдарының кең спектрін пайдаланатын кіріктірілген даму институты.

## «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ




[1] Холдингтің 100%-дық қатысуымен ( «КРРF» ЖШС басқа — 97,7%)

Холдинг құрылымына келесі еншілес ұйымдар кіреді:

- Ірі жобалар мен кәсіпорындарды қаржыландыруға, инвестициялау, инвесторларды іздеу мен экспорттық қолдауға қатысатын даму институттары: «ҚДБ» АҚ, «ҚКМ» АҚ, «ҚИҚ» АҚ, «KazakhExport» ЭСК» АҚ, «KPPF» ЖШС.
- Шағын және орта бизнеске, сондай-ақ кәсіпорындардың инновациялық қызметіне қолдау көрсететін даму институттары: «Даму» Қоры» АҚ, «ТДҰА» АҚ.
- Тұрғын үй құрылысы бағдарламалары мен тұрғын-үй-құрылыс жинақтарын дамытуға қатысатын даму институттары: «БД» АҚ, «ҚТҚЖБ» АҚ, «ҚИК» ИҰ» АҚ, «ТҚКҚ» АҚ.

Холдинг құрылымына кіретін еншілес ұйымдар туралы нақты ақпарат 6.1. «Еншілес ұйымдардың 2017 жылғы қызметі» Қосымшасында берілген.

# 1.3 ХОЛДИНГКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

Холдингтің әрбір еншілес ұйымында қаржылық және қаржылық емес қолдау алушыларды іріктеу бойынша өзінің ерекшеліктері мен критерийлері бар.

Барлық қолдау түрлері бойынша іріктеудің жалпы қағидалары еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес келеді. Атап айтқанда, оларға экономиканы әртараптандыру және жаңғырту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылым мен экспорт әлеуетін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру, тұрғын үй қолжетімдігін қамтамасыз ету жатады. Бұл ретте қолдау нарық жағдайында әрекет ететін бәсекеге қабілетті бизнестің қалыптасуы мен дамуына қолдау көрсетуге бағытталған, және жалпы мемлекеттің экономикаға қатысуын кеңейтуге әкеліп соқпауы тиіс.

Инвестициялық жобаларға «ҚДБ» АҚ (қарызды қаржыландыру, кепілдіктер, лизинг), «ҚКМ» АҚ (тікелей инвестициялау, оған қоса венчурлық түрінде үлестік қаржыландыру), «KPPF» ЖШС (жобалық құжаттаманы қаржыландыру және дайындау, инвесторлар іздеу) қолдау көрсетеді.

Экспортерлерді қолдаумен, соның ішінде экспорттық және экспорт алды операцияларды ұйымдастырумен «KazakhExport» ЭСК» АҚ айналысады. Экспорттық және экспорт алды операцияларды қаржыландыруды сондай-ақ «ҚДБ» АҚ да жүзеге асырады. Тізбектелген қолдау түрлері, әдетте, ірі компаниялар қызметіне қатысты қолданылады.

Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету — «Даму» Қоры» АҚ қызметінің мәні, ол: ШОБ субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету және кеңес беру — екі қолдау бағытында жұмыс істейді.

Коммерцияландыру және жаңа технологияларға қолжетімдік мәселелер бойынша «ТДҰА» АҚ қызмет көрсетеді.

Тұрғын үй құрылысы мен халыққа тұрғын үй қолжетімдігін көтеру саласында Холдингтің келесі еншілес ұйымдары қолдау көрсетеді: «ТҚКҚ» АҚ (үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру), «ҚИК» ИҰ» АҚ (ипотекалық несие беру, субсидия беру, тұрғын үйді жалға беру операциялары), «ҚТҚЖБ» АҚ (ипотеккалық несие беру, тұрғын үй қарыздарын беру), «БД» АҚ (ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылысшыларды қаржыландыру, жалға берілетін тұрғын үйді жалға беру операциялары).

Холдинг Тобы қатысатын бағдарламалардың толық тізбесімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ https://baiterek.gov.kz/kk/holding-turaly ресми сайтында таныса аласыз.

I. ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

# ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ҚОЛДАУ ТҮРЛЕРІ

| Холдинг қызметінің бағыты | Құралдары | «ҚДБ» АҚ | «KazakhExport» ЭСК» АҚ | «ҚИҚ» АҚ | «ҚКМ» АҚ[2] | «КРРҒ» ЖШС | «Даму» Қоры» АҚ | «ТДҰА»АҚ | «ҚТҚЖБ» АҚ | «ҚИК» ИҰ» АҚ | «ТҚКҚ» АҚ | «БД» АҚ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікке қолдау көрсету | Қарызды қаржыландыру | ■ | | | | | | | | | | |
| | Үлестік қаржыландыру | | | | ■ | | | | | | | |
| | Қиын несиелер | | | ■ | | | | | | | | |
| | Кепілдіктер | ■ | | | | | | | | | | |
| | Лизинг | ■ | | | | | | | | | | |
| | Жобалық құжаттаманы қаржыландыру және дайындау, инвесторлар іздеу | | | | | ■ | | | | | | |
| Шағын және орта бизнес сегментінде кәсіпкерлікке қолдау көрсету | Қаржылық қолдау өрсету[3] | | | | | | ■ | | | | | |
| | Кеңес беру | | | | | | ■ | | | | | |
| Тұрғын үйдің қаржылық қолжетімдігін қамтамасыз ету | ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылысшыларды қаржыландыру | | | | | | | | | | | ■ |
| | Ипотекалық кредит беру | | | | | | | | ■ | ■ | | |
| | Субсидия беру | | | | | | ■ | | | ■ | | |
| | Жалға берілетін тұрғын үй | | | | | | | | | ■ | | ■ |
| | Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру | | | | | | | | | | ■ | |
| | Тұрғын үй қарыздарын беру | | | | | | | | ■ | | | |
| Экспорттық әлеуетті арттыру[4] | Кепілдіктер мен сақтандыру | | ■ | | | | | | | | | |
| | Экспорттық және экспорт алды қаржыландыру | ■ | ■ | | | | | | | | | |
| Трансферт және инновацияларды енгізу | Гранттар | | | | | | | ■ | | | | |

[2] Орта және ірі бизнесті қоса
[3] ЕДБ-да шартты орналастыруды, пайыздық мөлшерлемелердің мемлекеттік субсидияларын, кепілдікті берулерді қоса
[4] Шағын, орта және ірі бизнесті қоса

### «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАСЫ БОЙЫНША БИЗНЕСТІ КЕШЕНДІ ЖӘНЕ КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАЙ ҚОЛДАУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ клиентке бағдарлау тәсілін дамыту аясындағы қадамдарының бірі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрылымы мен кешенді шешімдерді ұсыну арқылы клиенттермен жұмыс деңгейін көтеру мақсатында «бір терезе» (one-stop-shop) қағидасын енгізу болып табылады.

Осы жұмыс қағидасын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылы № 127-Б бұйрығымен «Digital Baiterek» бірыңғай кәсіпкерлікке қолдау көрсету порталы» ақпараттық жүйесі жасалып, пайдалануға енгізілді.

«Digital Baiterek» — Холдингтің бизнеске кешенді және клиентке бағдарлай қолдау көрсетуге бағытталған бірыңғай сандық алаңы. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдары көрсететін қызметтердің бүкіл ассортименті «Digital Baiterek» қызметтер витринасы арқылы қолжетімді.

2017 жыл қорытындысы бойынша «Digital Baiterek» қызметтер витринасында Холдинг пен ЕҰ 24 қызметі орналастырылған, олар:

- 9 автоматтандырылған қызмет;
- 15 ақпараттық қызмет.

Автоматтандырылған қызметтер — клиенттен өтініш қабылдау, өңдеу және оған нәтижесін беру үрдісі автоматтандырылған қызметтер. Қызметтердің осы типі клиентке өзінің жеке кабинетінде қызметтер алу үшін сандық түрде өтініш беруге және өтініш туралы ақпаратты тиісті ЕҰ-ға беруге мүмкіндік береді. Өтінішті қарау нәтижесі мен тиісті жауап клиенттің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Қызметтердің ақпараттық типі клиентке қызметтермен, олардың көрсетілетін мерзімдерімен, оны алу әрекеттерімен және байланыс ақпаратымен танысуға мүмкіндік береді.

## АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ:

| № | Ұйым атауы | Қызметтер атауы |
|---|---|---|
| 1 | «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ | 1. Инвестор ретінде тіркелу<br>2. Жобаны қаржыландыруға өтінім беру |
| 2 | «ТДҰА» АҚ | 3. Салалардың технологиялық дамуына инновациялық гранттар беру (Front office)<br>4. Жұмыс істеп жатқан кәсіпорындардың технологиялық дамуына инновациялық гранттар беру (Front office)<br>5. Технологияларды коммерцияландыру үшін инновациялық гранттар беру (Front office) |
| 3 | «БД» АҚ | 6. Орындалған жұмыстар актілері бойынша төлемдер жөніндегі құжаттарды қарау<br>7. Қаржыландыру үшін тұрғын үй құрылысы жобаларын қарау |
| 4 | «ТҚКҚ» АҚ | 8. Тұрғын үй құрылысының аяқталуына кепілдік беру |
| 5 | «КРРҒ» ЖШС | 9. Жобалық ұсыныс беру |

## АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ:

| № | Ұйым атауы | Қызметтер атауы |
|---|---|---|
| 1 | «Даму» Қоры» АҚ | 1. ЕДБ кредиттері бойынша сыйлықақы мөлшерлемелері бөлігіне субсидия беру<br>2. «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктер беретін жеке кәсіпкерлер субъектілерінің кредиттеріне кепілдік беру<br>3. ЕДБ жекеменшік құрылысшыларға беретін кредиттері бойынша сыйлықақы мөлшерлемелеріне, субсидия беру |
| 2 | «ҚТҚЖБ» АҚ | 4. «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасына қатысу<br>5. «Тұрғын үй қарызын қалай алуға болады»<br>6. «Депозитті қалай ашу керек»<br>7. «Өз үйім» бағдарламасы |
| 3 | «ҚИК» ИҰ» АҚ | 8. Ипотекалық қарыздар бойынша сыйлықақы мөлшерлемелеріне субсидия беру |
| 4 | «ҚДБ» АҚ | 9. Орта және ірі бизнесті қаржыландыру және дамыту |
| 5 | «KazakhExport» ЭСК» АҚ | 10. Қаржы лизингін ерікті сақтандыру<br>11. Банктік төлем кепілдіктерін сақтандыру<br>12. Экспорттық кредиттерді сақтандыру (Экспорттық келісімшарт бойынша төлемді кейінге қалдыруды сақтандыру)<br>13. Авансты төлемді қайтару бойынша экспорттаушы жауапкершілігін сақтандыру<br>14. Қарыздарды ерікті сақтандыру |
| 6 | «БРК-Лизинг» АҚ | 15. Лизингтік қаржыландыру аясында бизнес-ұсыныстарды алдын ала қарау |

Клиенттермен байланыс және қызметтер көрсету үрдісінде пайда болатын барлық ақпарат деректер базасында топтастырылады, ал ол Холдингтің барлық еншілес құрылымдарының қызметі туралы жиналған деректер негізінде шешімдер қабылдау мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

Келесі есепті жылда Холдинг пен оның еншілес ұйымдары көрсететін қызметтер тізбесін кеңейту жоспарланып отыр.

## «БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАСЫ ҚОЛДАНЫЛҒАН ТАБЫСТЫ БИЗНЕС-КЕЙСТЕР

### «КАЗАЗОТ» АҚ



**ЖОБА АТАУЫ**

Азоттық тыңайтқыштар мен сұйық аммиакты экспорттау мен экспорт алды қаржыландыруды қолдауды сақтандыру.

**ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖЫЛЫ**

2017



**ЖОБА ҚҰНЫ**

6 МЛРД ТЕҢГЕ

**САҚТАНДЫРУ МЕРЗІМІ**

36 АЙ

**ХОЛДИНГ ЕҰ-НЫҢ ЖОБАҒА ҚАТЫСУЫ**

- «ҚДБ» АҚ
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ

**ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ / САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ**

9%

## «ASIA TRAFO» АҚ



### ЖОБА АТАУЫ

«Шымкент қ. Кернеу класы 110 және 220 кВт күш трансформаторларын өндіру зауыты».

### ӨТІМ НАРЫҚТАРЫ

- Қазақстан
- Ресей
- Өзбекстан
- Иран

### ЖОБА ҚҰНЫ

17 906 МЛН ТЕҢГЕ

### ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

220



### ӨНДІРІС ҚУАТЫ

120 БІРЛ. ТРАНСФОРМАТОР

### ХОЛДИНГ ЕҰ-НЫҢ ЖОБАҒА ҚАТЫСУЫ

- «БРК-Лизинг» АҚ 4 708 млрд теңге сомалық қаражаты технологиялық жабдық алуға бағытталған;
- «ҚДБ» АҚ кредиттік құралдары құрылыс-монтаждау жұмыстарын қаржыландыру (6 688 млн теңге), сондай-ақ жоба аясында айналым құралдарын толықтыру (2 000 млн теңге) үшін берілген.

## «МАКИНСК ҚҰС ФАБРИКАСЫ» ЖШС



**ЖОБА МАҚСАТЫ**

Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Бұланды ауданында ішкі алаңдық инженерлік инфрақұрылымы бар бройлерлер өсіруге арналған құс фабрикасының құрылысын салу.

**ЖОБАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ БАСТАУ**

2017

**ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖЫЛЫ**

2018

**ЖОБА ҚҰНЫ**

33 576 МЛН ТЕҢГЕ

**КРЕДИТ БЕРУ МЕРЗІМІ**

10 ЖЫЛ



**ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ / САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ**

9,15%

**ХОЛДИНГ ЕҰ-НЫҢ ЖОБАҒА ҚАТЫСУЫ**

- «ҚДБ» АҚ
- Baiterek Venture Fund

**ӨНДІРІС КӨЛЕМІ**

Өнімділігі тірі салмағы жылына 25 мың тонна бройлерлер өсіру.

# 1.4 ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі — Даму стратегиясы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 Қаулысымен бекітілген. 2015-2016 жылдары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қатысатын мемлекеттік бағдарламаларға енгізілген бірқатар өзгерістерге, жоғары шикізаттық бағалар циклінің аяқталуына сәйкес, жалпы экономикалық өсімнің баяулауына және мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін қысқарту міндетіне байланысты, 2017 жылы Холдингтің Даму стратегиясы жаңартылды.

Холдингтің Даму стратегиясы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын ескере отырып әзірленді және оның миссиясын, пайымын стратегиясыны, бағыттарын, 2014-2023 жылдарға мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

## МИССИЯ

Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және «Стратегия — 2050» алға қойған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету.

## ПАЙЫМЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ — Қазақстан Республикасы Үкіметінің корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес және Қазақстан экономикасын әртараптандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін арттыру арқылы оның тұрақты дамуы бойынша міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі институты.

Өз миссиясы мен көрінісін жүзеге асыру мақсатында Холдинг қызметтің бес стратегиялық бағыты бойынша жұмыс жүргізеді:

- Ірі бизнес сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау
- ШОБ сегментіндегі кәсіпкерлікті қолдау
- Тұрғын үйге қаржылық қолжетімдікті қамтамасыз ету
- Экспорт әлеуетін арттыру
- трансферт және технологиялар енгізу.

Холдингтің жанартылған Даму стратегиясы ҚР Ұлттық Банкі қаражатын пайдалану бөлігінде тәсілдердің өзгергенін, сондай-ақ 2020 жылға мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін — 15% дейін қысқарту міндетін ескереді. Бұдан басқа, онда келесі өзгерістер көрсетілген: қазынашылық/қорландыру функциялары, портфель және мемлекеттік органдармен өзара әрекет деңгейінде тәуекелдерді басқару Холдингтің орталықтандырылған басқару деңгейіне көшті, қалған басқару функциялары ЕҰ деңгейінде жүзеге асырылатын болады. ЕҰ Директорлар кеңестері мақсатты ҚНК орнату, Басқарма тағайындау және оның жұмысын бағалау, бюджетті, инвестициялық жоспарлар мен ірі мәмілелерді мақұлдау сияқты стратегиялық мәселелерге шоғырланған. ЕҰ Басқармасы, өз кезегінде, стратегияны жүзеге асыру мен мақсатты ҚНК қол жеткізу үшін жауап береді.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 бұйрығымен бекітілген оларды жүзеге асыру мониторингі мен бағалауына сәйкес, есепті жылда Холдинг өзінің 2014-2016 жылдарға Даму стратегиясын іске асыруға бірінші бағалауын жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша осы кезеңдегі Даму стратегиясының орындалуы тиімді деп танылды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша барлық стратегиялық ҚНК толық көлемде орындалды.

# 2017 ЖЫЛЫ ХОЛДИНГ ТОБЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК ОРЫНДАЛУЫ, СОНДАЙ-АҚ КЕЛЕСІ ЖЫЛҒА ЖӘНЕ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢГЕ ЖОСПАРЛАР

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1 ІРІ БИЗНЕС СЕГМЕНТІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

2 ШОБ СЕГМЕНТІНДЕГІ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту

Кәсіпкерлікті дамыту (экономиканың жекеменшік секторы)

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ОРЫНДАЛУЫ

| Көрсеткіш | 2017 жыл | | | 2018 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспар | нақты | орынд. % | жоспар | жоспар |
| Жаңа жобалар мен енбек өнімділігін арттыру және тұтыну нарығын кеңейтуді есепке ала отырып жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту жобалар саны (2014 ж. бастап жин.), бірл. | 31 129 | 36 844 | 118 | 36 970 | 55 600 |
| Қолдау көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерің өндірген өнімдерінің көлемі (2014 ж. бастап жин.), млрд теңге | 12 671 | 13 070 | 103 | 17 013 | 42 700 |
| Шетелдік инвестициялар тарту, қатынасы («ҚКМ» АҚ) | 2:1 кем емес | 2,2:1 | 110 | 2:1 кем емес | 2:1 кем емес |

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

3 ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Экономиканың кенттенуін қолдау

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ОРЫНДАЛУЫ

| Көрсеткіш | 2017 жыл | | | 2018 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспар | нақты | орынд. % | жоспар | жоспар |
| Қолдау құралдары көрсетілген тұрғын үй көлемі (2014 ж. бастап жин.), мың ш.м. | 1 884 | 2 105 | 112 | 2 377 | Осы көрсеткіш бойынша 2019 жылға жоспарлы ҚНК орнатылған — 2 851 |
| ҚР экономикалық белсенді халқының тұрғын үй құрылыс жинағы жүйесіндегі қатысушылар үлесі, % (Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) | 11 | 12 | 112 | 12 | 17 |
| Коммерциялық тұрғын үй үлескерлерінің салымдарына кепілдік беру, % («ТҚКҚ» АҚ) | 5 | 5 | 100 | 25 | 50 |

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

4 ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Шикізаттық емес өнімді экспорттауды қолдау

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ОРЫНДАЛУЫ

| Көрсеткіш | 2017 жыл | | | 2018 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспар | нақты | орынд. % | жоспар | жоспар |
| Экспорттық және экспорт алды қаржыландыру аясында қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 ж. бастап жин.) | 683 | 1 299 | 190 | 803 | 1 054 |

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

5 ТРАНСФЕРТ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Инновацияларды дамыту

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ОРЫНДАЛУЫ

| Көрсеткіш | 2017 жыл | | | 2018 жыл | 2023 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспар | нақты | орынд. % | жоспар | жоспар |
| Өндіріске енгізілген технологиялар саны, салалардың технологиялық міндеттерді шешу мен технологияларды коммерциялауға бағытталған жобалар саны, бірл. («ТДҰА» АҚ) | 21 | 22 | 105 | 29 | 81 |

# 2. ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

## 2.1 МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің (бұдан әрі — ҚР ҰЭМ СК) алдын ала деректеріне сәйкес, 2017 жылғы қорытынды бойынша ІЖӨ нақты көрсеткіште 4% (атаулы көрсеткіште — 51 967 млрд теңге) құрады. ІЖӨ өсуі негізінен өндіріс секторларының өсу қарқынының артуына байланысты, ол ішкі сұранысты қалпына келтірумен қатар инвестициялық белсенділікті арттыруға негізделген. Нақты өрнекте 2017 жылы тауарлар өндіру 6%-ға, қызметтер өндіру — 3%-ға өсті.

### ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ЖЖҒ ЖӘНЕ ІЖӨ ФИЗИКАЛЫҚ КӨЛЕМІ ИНДЕКСІНІҢ (ФКИ) ҚАРҚЫНЫ

%




Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
*алдын ала деректер

## ШОБ ІЖӨ МЕН ЖЖҚ-ДАҒЫ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ҮЛЕСТЕРІНІҢ ҚАРҚЫНЫ




Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК
*алдын ала деректер

2017 жылы өңдеу секторының жағымды өсудің тұрақты үдерісі жалғасты, өнеркәсіп өндірісінің көлемі нақты көрсеткіште 6%-ға өсті, ІЖӨ жалпы көлеміндегі үлесі 11% құрады. Өңдеу өнеркәсібінің өсім қарқынын жеделдету фармацевтика өнімдерін өндіру (142%), химиялық өнеркәсіп (107%), металлургия өнеркәсібінің (106%), азық-түлік тағамдарын (104%) өндіру көлемін ұлғайтуға ықпал етті.

Ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру да құрылыс секторы (102%) мен көлік саласының (105%) оң өсу қарқынын қамтамасыз етті. Атап айтқанда, құрылыс секторының өсу қарқынының артуы жылжымайтын тұрғын үй мүлігін пайдалану көлемін арттыруға байланысты. Есеп жылындағы жоспар бойынша 10,5 млн ш. м орнына іс жүзінде 11,2 млн ш. м пайдалануға берілді. Жалпы республика бойынша 100 812 бірлік үй пайдалануға берілді, соның ішінде 27 908 бірл. жеке тұрғын үй құрылысы (4,3 млн ш. м) және 72 904 бірл. тұрғын үй жастар тұрғын үй кешенінде (6,9 млн ш. м) берілді. Тұрғын үй құрылысына 2017 жылы 980 млрд теңге инвестицияланды, ол 2016 жылмен салыстырғанда 12% артық.

2017 жылы қызметтер (көтерме және мен бөлшектеп сату — 103%, өмір сүру және тамақтану — 104%) саласының жағымды өсім қарқыны байқалды, ол сонымен қатар ШОБ бастамаларына мемлекеттік қолдаудың жаңа құралдарын ұсынумен де байланысты. 2017 жылы орта және шағын кәсіпкерлік сегментінде белсенділіктің қайта қалпына келтірілгені байқалды. Мысалы, ШОБ субъектілерінің шығарған өнімінің көлемі нақты көрсеткіште 0,4% (атаулы көрсеткіште — 21 148 млрд теңге) артты, ал ол 2016 жылы 6%-ға төмендеген болатын. Бұл ретте жұмыс істеп жатқан ШОБ субъектілерінің саны 2017 жылы 4%-ға өсті (2016 жылға қарағанда) және ШОБ кәсіпорындарында жұмыс істейтіндер саны 0,7%-ға төмендеді. ШОБ субъектілерінің ІЖӨ құрылымындағы үлесі 2017 жылғы алдын ала деректер бойынша 26% құрады ( 2016 жылы — 27%).

2017 жылдың басынан бастап инфляция үрдістерінің жалпы баяулауына байланысты, ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі — ҚР ҰБ) базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендету саясатын жалғастырды, ал ол экономикалық белсенділікті ынталандыруды мақсат етеді.

ҚР ҰБ деректеріне сәйкес, 2017 жылы берілген кредиттердің жинақ көлемі 11 трлн теңгені құрады, ал ол 2016 жылғы балама көрсеткіштен 10% артық. Кредит белсенділігінің 2017 жылы айтарлықтай өсуі көп жағдайда коммерциялық банктердің өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына ұзақмерзімді кредиттер көлемін арттыруына байланысты болды, оның көрсеткіші 286 млрд теңгені құрады, ал ол алдыңғы жыл деңгейінен 33% артық. Көрсеткіштің өсуіне металлургия өнеркәсібіне (2016 жылғы деңгейден 6 есе артық), автокөлік құралдарын өндіруге (2016 жыл деңгейінен 2 есе артық) және т.б. берілген кредиттер көлемінің артуы ықпал етті. Сонымен қатар, кредиттеу көлемінің қысқаруы химия өнеркәсібінде (16%-ға төмендеген), кокс пен мұнайхимия өнімдерін өндіруде (69%-ға төмендеген) байқалды.

2017 жылғы қорытынды бойынша негізгі капиталға инвестициялар динамикасы, есепті жыл соңына 6% (2016 жылы — 5%) құрай отырып, тұрақты даму қарқынын көрсетті. Инвестициялық белсенділік негізінен

кәсіпорындардың жекеменшік құралдарынан қамтамасыз етілді, жалпы көлемдегі олардың үлесі 69%, құрады ал ол атаулы өрнекте 6 007 млрд теңгені құрады. Негізгі капиталға инвестициялық белсенділік өсімінің басты драйверлерінің бірі сала бойынша ауыл шаруашылығы (29%-ға 353 млрд теңгеге дейін өсті), тұру мен тамақтану қызметтері (57%-ға 136 млрд теңгеге дейін өсті), сауда (22%-ға 204 млрд теңгеге дейін өсті), өнеркәсіп өндірісі (4%-ға 4 792 млрд теңгеге дейін өсті) болды.

Атап айтқанда, ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша 2017 жылы өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар деңгейі, атаулы көрсеткіште 982 млрд теңгені құрай отырып, 5%-ға өсті. Өсім қарқынының көтерілуі негізінен мұнайхимия кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар көлемінің 64%-ға өсуімен, дайын металл бұйымдарын өндіру кәсіпорындарының 45%, автокөлік құралдарын өндіру кәсіпорындарының 4 есе өсуіне байланысты. Сонымен қатар, экономиканың жекелеген секторларында негізгі капиталға инвестициялар деңгейінің төмендегіні де байқалды. Мысалы, металлургияда көрсеткіш 45%-ға, химия өнеркәсібінде — 34%-ға төмендеді.

Бұдан басқа, қарыз құралдары есебінен қаржыландырылатын өңдеу кәсіпорындарына инвестициялар 316 млрд теңгені (2016 жылғы көрсеткіштен 9% төмен) құрады, соның ішінде банк кредиттері есебінен — 217 млрд теңге немесе өнеркәсіп кәсіпорындарына инвестициялардың жалпы көлемінің 22% және басқа қарыз құралдары есебінен — 99 млрд теңге (10%) болды. Сонымен қатар кәсіпорындардың жекеменшік құралдары есебінен инвестициялар (68%), 2017 жылдың қорытындысы бойынша 666 млрд теңгені (2016 жылғы көрсеткіштен 37% артық) құрай отырып, саланың басымды көзі болып қалып отыр.

ҚР ҰЭМ СК деректеріне сәйкес, экспорт көлемі 2017 жылы 32%-ға, 48 млрд АҚШ долларына дейін, ал импорт көлемі — 16%-ға, 29 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Сыртқы сауда айналымы нәтижесінде 2017 жылғы қорытынды бойынша 25%-ға, 78 млрд АҚШ долларына дейін өсті. ЕАЭО елдерінде ол 5 млрд АҚШ долларын құрады немесе 2016 жылмен салыстырғанда 30% артық, бұл ретте импорт көрсеткіштері 12 млрд АҚШ долларына жетті (өсім 24%). Қазақстандық экспорттың негізгі бағыттары Еуропа елдері (экспорттың жалпы көлемінің 57%), Қытай (12%) және Ресей (9%) болды.

# 2.2 ХОЛДИНГТІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҮЛЕСІ

ҚР ҰБ ресми деректеріне сәйкес, экономиканың басымды шикізаттық емес секторлары бойынша (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік пен байланыс) берілген ұзақ мерзімді кредиттер көлемі 2017 жылғы қорытынды бойынша 542 млрд теңгені құрады, ол алдыңғы жылғы балама көрсеткіштен 11% артық. Сонымен қатар Холдингтің тікелей кредиттеу құралдары арқылы («ҚДБ» АҚ тетіктері) 2017 жылы шикізаттық емес салалардағы ірі бизнес кәсіпорындары 422 млрд теңге сомасына қаржыландырылды, ол ел экономикасының шикізаттық емес салаларын (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік пен байланыс) ұзақмерзімді кредиттеудің жалпы көлемінің 44% құрады.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС САЛАЛАРЫНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ КРЕДИТТЕУДЕГІ ХОЛДИНГ ҮЛЕСІ

млрд теңге




2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік пен байланыс) екінші деңгейлі банктер (бұдан әрі — ЕДБ) алдындағы борыштары 1 853 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, Холдингтің ірі кәсіпкерлік субъектілерді (бұдан әрі — ІКС) тікелей кредиттеудегі ссуда портфелінің көлемі 1 493 млрд теңгені, немесе экономиканың шикізаттық емес секторындағы кәсіпорындардың (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік пен байланыс) ұзақмерзімді борыштарының жалпы көлемінде, соның ішінде ЕДБ алдында 45% құрады.

## ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС САЛАЛАРЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ БОРЫШТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ХОЛДИНГТІҢ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҮЛЕСІ (ІКС ТІКЕЛЕЙ КРЕДИТТЕУ АЯСЫНДА) (КЕЗЕҢ СОҢЫНА)

млрд теңге




ҚР ҰБ ресми деректері бойынша, 2017 жылы банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берген ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемі 1 274 млрд теңгені құрады, ол алдыңғы жылдың балама көрсеткішінен 21% артық. Сонымен қатар, Холдинг құралдары көмегімен («Даму» Қоры» АҚ механизмдері) ШОБ субъектілеріне берген кредиттер көлемі есепті кезеңде 549 млрд теңгені құрады, ол 2016 жылғы көрсеткіштен 9% төмен. Бұл ретте Холдингтің ШОБ бастамаларын қолдау құралдарының үлесі банктік емес заңды

тұлғаларға берген ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемінде 2017 жылы 43% құрады (2016 жылғы үлес — 57%). 2017 жылы үлестің азаюы, негізінен «Нұрлы жер» және «БЖК-2020» бағдарламалары аясында субсидиялау үшін бөлінген қаражаттарын қысқарту есебінен болды.

## ХОЛДИНГ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН БАНКТІК ЕМЕС ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАДА БЕРІЛГЕН ҰЗАҚМЕРЗІМДІ КРЕДИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ШОБ-Н КРЕДИТТЕУ ҮЛЕСІ

млрд теңге




ҚР ҰБ деректеріне сәйкес, есепті жылда елімізде ипотекалық кредиттеудің қалыпты өсімі байқалды. Мысалы, құрылыс пен халықтың тұрғын үй сатып алуы үшін берілген несиелердің жалпы көлемі 381 млрд теңгені құрады, ол 2016 жылғы балама көрсеткіштен 2 есе артық. Ипотекалық кредиттеудің өсуінің басты драйверлерінің бірі Холдингтің еншілес ұйымы — «ҚТҚЖБ» АҚ құралдары болып табылады. **2017 жыл қорытындысы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ, еліміздегі барлық ипотекалық қарыздарының 76% бере отырып,** Қазақстанның ипотека нарығының көшбасшысына айналды. Бұдан басқа, банк үрдістерін үздіксіз түрлендіру мен жетілдіру «ҚТҚЖБ» АҚ елдің қаржы нарығындағы позициясын күшейтуге мүмкіндік берді, ол жеке тұлғалардың ұзақмерзімді салымдарының жалпы көлеміндегі ең үлкен үлеспен (27%), сондай-ақ құрылыс және тұрғын үй сатып алу мақсатына ЕДБ кредиттік портфелінің жалпы көлеміндегі айтарлықтай үлесімен (34%) дәлелденеді.

## ҚР ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН САТЫП АЛУ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ҚАРЫЗДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ХОЛДИНГТІҢ ҮЛЕСІ

млрд теңге



## ШОБ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ КРЕДИТТЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ




## ШОБ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЛЕГЕН САЛЫҚ СОМАСЫ

млрд теңге








Нарықпен салыстырғанда, 2017 жылы экономиканың басымды секторларына берілген кредиттердің әрбір

**7 ші ТЕҢГЕ**

теңгесі және өңдеу өнеркәсібіне берілген әрбір

**6 шы ТЕҢГЕ**

ШОБ қолдау көрсету мен дамыту бойынша қаржылық бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберінде берілген.





# 3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## 3.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруды Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің тиімділігін арттырудың, транспаренттігі мен есептілігін қамтамасыз етудің, оның беделін нығайту мен капиталды тартуға жұмсалатын шығынды төмендетудің негізгі құралы ретінде қарастырады. Холдинг корпоративтік басқарудың тиісті практикасын жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасында заңнама ұлықтылығын қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға ниетті.

Холдингтің корпоративтік басқаруы адалдық, әділдік, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік пен құзыреттілік негізінде құрылады. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Холдинг органдары, лауазымды тұлғалары мен серіктестері арасында өкілеттіліктер мен жауапкершілікті нақты бөлуді көздейді.

Холдингтің корпоративтік басқаруының негізін қалаушы қағидалары:

- Өкілеттіліктерді бөлу қағидасы;
- Жалғыз акционер құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидасы;
- Тұрақты даму қағидасы;
- Тәуекелдерді, ішкі бақылау мен ішкі аудитті басқару қағидасы;
- Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленістерін реттеу қағидасы;
- Холдинг қызметі туралы ақпаратты ашу ашықтығы мен шынайылық қағидасы болып табылады.

2017 жылы Холдинг Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Ж.М. Касымбектің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 646 бұйрығымен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоравтивтік басқару кодексінде белгіленген қағидалар мен ережелерді сақтауға бағытталған шараларды жүргізді.

Холдингтің жоғарғы басқару органы — Жалғыз акционер, басқару органы — Директорлар кеңесі, атқарушы органы — Басқарма. Холдинг қызметін жетілдіру мақсатында Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын, ішкі бақылау жүргізетін, тәуекелдерді басқаратын, корпоративтік басқару мен кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуын бақылайтын орган Ішкі аудит қызметі болып табылады. Холдингтің Директор кеңесінің жанында комитеттер құрылған, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі сұрақтарды қарау кіреді. Холдингтің жекелеген қызмет бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсыныс сипатындағы шешімдер, соның ішінде Басқарма құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарау үшін шешімдер дайындау мақсатында Басқарма жанында: Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Кадр саясаты жөніндегі комитет, Инвестиция комитеті мен Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті құрылған. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі:

[5] Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есептің толық мәтіні Холдингтің ресми сайтында Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін орналастырылады.

- Холдинг Тобында нақты басқару жүйесінің болуын, өкілеттіліктерді бөлу мен шешімдер қабылдау үрдісін, функциялар мен үрдістердің қайталануын болдырмауды;
- Бірыңғай стандарттарды, саясаттар мен үрдістерді, соның ішінде жоспарлауды, мониторинг пен бақылауды, нәтижелілікті бағалау мен түзету әрекеттерін қабылдауға бірыңғай тәсілдерді анықтауды;
- Холдинг Тобы қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімдікті;
- Холдинг Тобының тәуекелдерін дұрыс басқаруды қамтамасыз етеді.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




**ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен қабылданған мемлекеттік қатысуы бар акционерлік қоғамдарға арналып жанартылған Үлгілік кодексі негізінде Жалғыз акционердің 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 646 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоравтивтік басқару кодексі (бұдан әрі — Кодекс) жаңа редакцияда бекітілді, сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының балама кодекстерін бекіту қамтамасыз етілді**.

Жаңа Кодексте Жалғыз акционердің құқықтары, дивиденд саясатының қағидалары, Директорлар кеңесі мүшелерінің функционалдық міндеттері, оларды сайлау нақты сипатталған. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының үш жылдан артық емес мерзімге сайланатындығы және қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда мерзімі біткеннен кейін тәуелсіз директор кезекті мерзімге қайта сайлана алатындығы көзделген. Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорларды қатарынан алты жылдан артық мерзімге сайлау (мысалы, екі үшжылдық мерзімге), Директорлар кеңесі құрамын сапалы жаңартылуын ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейінгіні құрайды.

Сондай-ақ жаңа Кодексте Директорлар кеңесінің қызметін бағалау, Корпоративтік хатшы функциялары, Омбудсмен рөлі, Ішкі аудит қызметі қағидалары, Басқарма мүшелерін бағалау және сыйлықақылар беру, ақпаратты ашу бойынша бөлімдер нақты сипатталған.

Тұрақты даму қағидасы аясында, негізгі үрдістерді әрі қарай кіріктіре отырып, экономикалық, әлеуметтік және экономикалық мақсаттар келісімділігі, оған қоса тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет пен басқалар көзделген.

2017 жылы Холдинг сондай-ақ еншілес ұйымдар үшін Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі қызметін бағалау туралы үлгілік ережелерді жаңартты.

Холдинг пен оның еншілес ұйымдарында Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі жұмыс істейді, оның негізінде 2017 жылы ішкі аудит қызметі корпоративтік басқару жүйелерін бағалап,[6] кейінен корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру шараларының жаңа жоспарларын жасады, оларға корпоративтік басқару құрылымы, мүдделер шиеленісін реттеу, директорлар кеңесі жұмысының тиімділік үрдісі, тәуекелдерді басқару жүйесі, ішкі аудит, ашықтық бойынша халықаралық практикалар көздеген шаралар кіреді.

Орта мерзімді песрпективада Холдинг корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастыратын болады. Атап айтқанда, Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларының 2018-2019 жылдарға арналған жоспарына сәйкес:

- Холдингтің еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясын бекітуді қамтамасыз ету;
- Аудит комитетінің қарауы мен Директорлар кеңесінің бекітуі үшін Холдингтің Корпоративтік басқару кодексі принциптерінің орындалу деңгейі туралы есеп дайындау және ұсыну;
- Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының Корпоративтік басқару кодексін жетілдіру шаралары Жоспарының орындалуына мониторинг жасау;
- Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің нормалары мен ережелерін білуін тексеру үшін Холдинг жұмыскерлерінен тест алу жоспарланған.

# 3.2 ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Холдингтің Жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Үкіметі атынан ҚР Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі — ҚР ИДМ) болып табылады, ол заңнама мен және Холдингтің Жарғысымен Жалғыз акционердің құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және олар ҚР ИДМ уәкілетті тұлғаларының бұйрықтарымен рәсімделеді.

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 846 218 711 608 теңгені құрады.

- Жарияланған қарапайым акциялар саны — 5 000 086 550 дана.
- Орналастырылған және төленген қарапайым акциялар саны — 846 218 712 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған қарапайым акциялар саны — 4 153 867 838 дана.

## ДИВИДЕНД САЯСАТЫ

«Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 Қаулысына сәйкес, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы экономикасын дамытуға бағытталған жаңа жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру мақсатында 2013-2017 жылдардың қорытындысы бойынша акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер төлеуден босатылған.

[6] Корпоративтік басқару жүйесін бағалау екі жылда бір рет өткізіледі.

# 3.3 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Холдингті стратегиялық басқару мен Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ереже мен Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүргізеді.

Өз құзыреттілігіне сәйкес, Директорлар кеңесі даму жоспарын бекітеді, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі аудит жүйелерінің тиімді жұмысын бақылайды, ірі инвестициялық жобалар мен басқа негізгі стратегиялық жобаларды бекітеді және оларды тиімді жүзеге асыруға мониторинг жасайды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ӨМІРБАЯНДАР

Холдингтің Директорлар кеңесі 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тоғыз директордан тұрды, олардың үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады.



**САҒЫНТАЕВ БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ**

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің төрағасы**

**1963 жылғы 13 қазанда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** Қазақ мемлекеттік университетін бітірген, экономист, экономика ғылымдарының кандидаты.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2012 жылғы қаңтар айынан бастап 2013 жылғы қаңтар айына дейін — «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

2013 жылғы қаңтар айынан бастап 2013 жылғы қараша айына дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі.

2013 жылғы қараша айынан бастап 2016 жылғы қыркүйек айына дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары.

2016 жылғы қыркүйек айынан бастап қазіргі уақытқа дейін — Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

2013 жылғы 25 маусымдағы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Төрағасы Э. Өтеповтың № 471 ««Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 689 бұйрығына сәйкес Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

2013 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың № 464 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 877 бұйрығына сәйкес оның өкілеттігі 3 (үш) жылға ұзартылды.



## ДОСАЕВ ЕРБОЛАТ АСҚАРБЕКҰЛЫ

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі**

**1970 жылғы 21 мамырда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** Алматы энергетика институтын, Бауман ат. Мәскеу мемлекеттік техникалық университетін бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2006 жылдан бастап 2012 жылға дейін — «Казинвестбанк» АҚ диреторлар кеңесінің төрағасы.

2012 жылғы қыркүйек айынан бастап 2013 жылғы қаңтар айына дейін — Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі.

2013 жылғы қаңтар айынан бастап 2014 жылғы тамыз айына дейін — Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі.

2014 жылғы тамыз айынан бастап 2016 жылғы мамыр айына дейін — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі.

2016 жылғы мамыр айынан бастап 2017 жылғы тамыз айына дейін — «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының Төрағасы.

2017 жылғы 29 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасы Э. Өтеповтың 2013 жылғы 25 маусымдағы № 471 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі А. Исекешевтің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 24 мамырдағы №437 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы»2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрінің міндетін атқарушы Т. Тоқтабаевтың 2017 жылғы 29 карашадағы № 824 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

**1972 жылғы 18 желтоқсанда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша бітірген. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын аяқталған, мемлекеттік басқару магистрі дәрежесі берілген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2008 жылдан бастап 2009 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі.

2009 жылдан бастап 2014 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің Төрағасы.

2015 жылғы желтоқсан айынан бастап бүгінгі таңға дейін — Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі А. Исекешевтің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 24 мамырдағы №437 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.



## СМАИЛОВ ӘЛИХАН АСХАНҰЛЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің Көмекшісі, Директорлар кеңесінің мүшесі**



## ҚАСЫМБЕК ЖЕҢІС МАХМҰДҰЛЫ

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі**

**1975 жылғы 7 мамырда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** ҚазМҚСА (Алматы қ.) «Сәулетші-дизайнер» мамандығы бойынша, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ (Астана қ.) «Экономист-менеджер» мамандығы бойынша бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2005 жылғы қараша айынан бастап 2009 жылғы наурыз айына дейін — Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар вице-министрі.

2009 жылғы наурыз айынан бастап 2014 жылғы наурыз айына дейін — Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Жауапты хатшысы.

2014 жылғы наурыз айнына бастап маусым айына дейін — Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі.

2014 жылғы тамыз айынан бастап 2016 жылғы маусым айына дейін — Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрінің Бірінші орынбасары.

2016 жылғы маусым айынан бастап бүгінгі таңға дейін — Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 28 шілдедегі № 583 бұйрығына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.



## СҰЛТАНОВ БАҚЫТ ТҰРЛЫХАНҰЛЫ

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі**

**1971 жылғы 29 қарашада дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** Қазақ Ұлттық техникалық университетің және Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген. Инженер-электрші, экономист.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2010 жылғы наурыз айынан бастап 2012 жылғы қаңтар айына дейін — Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.

2012 жылғы қаңтар айынан бастап 2013 жылғы қараша айына дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары.

2013 жылғы қараша айынан бастап 2014 жылғы тамыз айына дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.

2014 жылғы тамыз айынан бастап осы уақытқа дейін — Қазақстан Республикасы Қаржы министрі.

2013 жылғы 25 маусымдағы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Э. Өтеповтың № 471 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 689 бұйрығына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

**1978 жылғы 5 сәуірде дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы.

**БІЛІМІ:** Павлодар Мемлекеттік Университетін, «Болашақ» бағдарламасы бойынша Мэриленд университетін (АҚШ) іскерлік әкімшіліктендіру магистрі мамандығы бойынша тәмамдаған, менеджмент, «Қаржы» мамандандырылған бизнес магистрі, Ұлыбританиядағы алқаби бухгалтерлері мен аудиторлар Ассоциациясында сертификатталған.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін — Дүниежүзілік Банктің Қазақстан бойынша басқарушысының орынбасары және ЕҚДБ Қазақстан бойынша басқарушысының орынбасары.

2010 жылғы наурыз айынан бастап 2012 жылғы ақпан айына дейін — Қазақстан Республикасы экономикалық даму және сауда вице-министрі.

2012 жылғы ақпан айынан бастап 2016 жылғы желтоқсан айына дейін — Еуразия экономикалық комиссиясының Экономика және қаржы саясаты Алқасының (Министрдің) мүшесі.

2016 жылғы желтоқсан айынан бастап осы уақытқа дейін — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 49 бұйрығына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



## СҮЛЕЙМЕНОВ ТИМУР МҰРАТҰЛЫ

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі**



## КЛАУС МАНГОЛЬД

**Тәуелсіз директор**

**1943 жылғы 6 маусымда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Германия.

**БІЛІМІ:** Мюнхен, Женева, Лондон, Майнц және Гейдельберг университеттерінде құқық пен экономиканы оқыған. Профессор, доктор.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 1995 жылдан бастап 2003 жылға дейін — DaimlerChrysler AG концерні басқармасының мүшесі және Debis AG Басқарма төрағасы.

2000 жылдан бастап 2010 жылға дейін — Шығыс-Еуропа экономикалық қатынастар комитетінің Төрағасы.

2011 жылдан бастап — TUI AG Бақылау кеңесінің төрағасы, Continental AG, Alstom S.A. бақылау кеңестерінің мүшесі, Rothschild GmbH Бақылау кеңесінің Төрағасы.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасы Э. Өтеповтың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» 2013 жылғы 25 маусымдағы № 471 бұйрығымен Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

**1946 жылғы 29 қазанда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Сингапур Республикасы.

**БІЛІМІ:** Сент-Джозеф Институтын (Сингапур), Торонт университетін (Канада) бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2007 жылға дейін — Сингапурдың ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі A*STAR үкіметтік агенттігінің төрағасы.

2007 жылдан бастап 2011 жылға дейін — Сингапур Премьер-Министрі кабинетінің экономикалық даму жөніндегі арнайы кеңесшісі.

2007 жылғы 1 сәуірден бастап SPRING Сингапур — қызметінің негізгі мақсаты сингапурлық шағын және орта бизнес компанияларының дамуына көмек көрсету болып табылатын Сингапур Үкіметінің Кәсіпорындарды дамыту агенттігінің төрағасы.

2013 жылғы наурыз айында Ф. Йео Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd құрып, миссиясы шетелдік технологиялық парктер мен эко-қалаларды жоспарлау, дамыту мен басқару болып табылатын экономикалық дамудың сервистік басқарушы компаниясының төрағасы болып тағайындалды.

2010 жылдан бастап 2013 жылға дейін Ф. Йео БҰҰ Даму бағдарламасына сәйкес қатысушы елдер арасында мемлекеттік әкімшіліктендіру мен басқаруды ілгерілету мен дамыту үшін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес құрған Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Мемлекеттік басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі болды.

Бүгінгі таңда –Accuron Technologies и Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd. Төрағасы, Сингапур Экономикалық даму және инновациялар Төрағасы (EDIS).

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Төрағасы Э. Өтеповтың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» 2013 жылғы 25 маусымдағы № 471 бұйрығымен Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.



**ФИЛИПП ЙЕО**

**Тәуелсіз директор**



## ТОМАС МИРОВ

**Тәуелсіз директор**

**1953 жылғы 6 қаңтарда дүниеге келген.**
**Азаматтығы:** Германия.

**БІЛІМІ:** Бонн университетін бітірген, «Бесінші республика кезіндегі Еуропадағы Франция саясаты» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғаған.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2005 жылдан бастап 2008 жылға дейін — Германия қаржы министрінің орынбасары.

2008 жылдан бастап 2012 жылға дейін — Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкінің (ЕҚДБ) президенті.

HSH Nordbank AG (Гамбург) Бақылау кеңесінің Төрағасы, Rothschild&Cie (Лондон/Париж) халықаралық кеңес беру кеңесінің мүшесі, F. Laeisz (Гамбург) Акционерлер комитетінің мүшесі болып табылады.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасы Э. Өтеповтың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқару органы туралы» 2013 жылғы 25 маусымдағы № 471 бұйрығымен Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып тағайындалды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялардың Бірінші вице-министрі Р. Раудың «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамы туралы» 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 «бұйрығымен оның өкілеттілігі 3 (үш) жылға ұзартылды.

## 2017 ЖЫЛДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы Т. Тоқтабаевтың 2017 жылғы 29 қарашадағы № 824 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2017 жылғы құрамы туралы» бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі Мамин Асқар Ұзақпаевичтің өкілеттілігі тоқтатылды.

## ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 181-бабы 3-тармағына сәйкес, ұлттық басқарушы холдингтің директорлар кеңесі құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, сәйкес саланың уәкілетті органының немесе өзге мемлекеттік органның өкілдері кіреді.

Холдинг Жарғысының 10-бабы 60-тармағына сәйкес, Директорлар кеңесі Жалғыз акционер сайлаған Төрағадан және мүшелерден тұрады.

Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерінен, Басқарма Төрағасынан, тәуелсіз директорлар мен өзге тұлғалардан қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрі Ж. Қасымбектің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №877 бұйрығына сәйкес, Холдингтің Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 2016 жылғы 30 желтоқсаннан бастап үш жылға белгіленген он адамнан тұратын құрамы анықталған.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Холдингтің Директорлар кеңесінің отырыстары 2016 жылғы 24 қарашада бекітілген (№10/16 хаттама) Холдингтің Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде жүргізілді. Сондай-ақ қажеттілігі бойынша Директорлар кеңесі жоспардан тыс отырыстар да өткізді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 10 отырысы өткізілді, оның 5 — бетпе-бет түрде, ал 5 — сырттай өткізілді. Жалпы алғанда, Директорлар кеңесі 58 мәселені қарады. Қабылданған ең маңызды шешімдер:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған түзетілген Даму стратегиясы мақұлданды (02.03.2017 ж. № 03/17 хаттама);
- Холдингтің 2017-2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары бекітілді (08.06.2017 ж. № 05/17 хаттама);
- Холдингтің 2016 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі алдын ала бекітілді (08.06.2017ж. № 05/17 хаттама);
- Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы алдын ала мақұлданды (24.07.2017 ж. № 06/17 хаттама);
- Холдингтің Омбудсмені тағайындалды (24.07.2017 ж. № 06/17 хаттама);
- Холдингтің еншілес ұйымдарымен мүдделі мәмілелер бекіту туралы бірқатар шешімдері қабылданды:
  - ҚР 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ жүзеге асыру аясында инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында, «Бизнестің жол картасы — 2020» Бірыңғай бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы аясында жолаушы вагондары паркін жаңартудыб сондай-ақ ұзақмерзімді лизингті қаржыландыруды ұсыну үшін «БРК-Лизинг» АҚ әрі қарай кредиттеу үшін «ҚДБ» АҚ-мен қарыз алу шарттары (02.03.2017 ж. №03/17 хаттама);
  - Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының тұрғын үй құрылысы мақсаттарында шығаратын борышқорлық бағалы қағаздарын сатып алу үшін «БД» АҚ-мен кредиттік шарты (06.09.2017 ж. №07/17 шешімі);
- Холдингтің бірқатар ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді: Холдинг Басқармасы туралы ереже 16.02.2017 ж. №02/17 шешімі), Холдинг ақпаратын ашу саясаты (08.06.2017 №05/17 хаттама), Холдингтің Корпоративтік есеп саясаты (18.10.2017 ж. №09/17 шешімі).

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2017 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

| Директорлар кеңесінің мүшесі | Директорлар кеңесінің отырысы | % | Директорлар кеңесі құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы | 10/10 | 100 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Мамин Асқар Ұзақбайұлы | 8/9 | 89 | 01.01.2017-29.11.2017 |
| Досаев Ерболат Асқарбекұлы | 7/7 | 100 | 01.01.2017-29.08.2017<br>29.11.2017-31.12.2017 |
| Смаилов Әлихан Асханұлы | 8/10 | 80 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Қасымбек Жеңіс Махмудұлы | 8/10 | 80 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | 8/10 | 80 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Сүлейменов Тимур Мұратұлы | 9/9 | 100 | 26.01.2017-31.12.2017 |
| Клаус Мангольд | 10/10 | 100 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Филипп Йео | 10/10 | 100 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Томас Миров | 10/10 | 100 | 01.01.2017-31.12.2017 |

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің отырысында қарағанға дейін ең маңызды мәселелер шеңбері бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында Холдингте келесі комитеттер жұмыс істейді:

1. Аудит комитеті
2. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет
3. Стратегиялық жоспарлау комитеті.

### АУДИТ КОМИТЕТІ

Аудит комитетінің (бұдан әрі — Комитет) қызметі Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржы-шаруашылық қызметінің тиімді бақылау жүйесін (соның ішінде қаржы есептілігінің толықтығы мен шынайылығын бақылау) орнату, тәуекелдерді басқару мен ішкі аудит жүйелерінің тиімділігі мен сенімділігін бақылау, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау, сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсыныстар жасауға бағытталған.

**Комитет құрамы:**

- Томас Миров — тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Клаус Мангольд — тәуелсіз директор, комитет мүшесі.

2017 жылы Комитет 4 бетпе-бет және 3 сырттай отырыс өткізді, оларда 31 мәселе қаралды.

**Комитет қабылдаған ең маңызды шешімдер:**

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі қағидаларын сақтау туралы есеп қаралды;
- Холдингтің 2016 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі (шоғырландырылған және жеке) алдын ала мақұлданды;
- Тоқсан сайынғы негізде Холдинг тәуекелдері бойынша есептер, жаңартылған тізілімдер мен тәуекелдер карталары, Ішкі аудит қызметінің аудиторлық анықтаулары мен ішкі және сыртқы аудиторлар, тексеруші мемлекеттік органдар ұсыныстары бойынша түзету әрекеттерін орындау мониторингінің нәтижелері туралы ақпараты бар есептері қаралып отырды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жылғы бизнес-үрдістері, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасы қаралып, мақұлданды;
- Холдингтің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтерінің ең ірі анықтаулары туралы ақпарат қаралды;
- Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясының жобасы алдын ала мақұлданды, сондай-ақ Холдингтің Корпоративтік есеп саясатының өзгерістері мен толықтырулары қаралып, мақұлданды.

### КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетнің (бұдан әрі — Комитет) қызметі кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі, сондай-ақ Холдинг басқармасының мүшелері мен Корпоративтік хатшы қызметін бағалау саласында Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді терең қарастыру және мониторинг жүргізу арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Комитеттің базалық функцияларына ынталандыру ҚНК тағайындау (сайлау), қызметті, сыйақыларды бағалау және Төраға мен Басқарма мүшелірінің сабақтастығын жоспарлау, Корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ, Жалғыз акционер өкілеттік берген жағдайда, Директорлар кеңесі құрамының өзіне қатысты аталмыш мәселелерді карауына қатысу.

**Комитет құрамы:**

- Клаус Мангольд — тәуелсіз директор, Комитет төрағасы.
- Филип Йео — тәуелсіз директор, комитет мүшесі.
- Томас Миров — тәуелсіз директор, комитет мүшесі.

2017 жылы Комитет 4 бетпе-бет және 4 сырттай отырыс өткізді, оларда 12 мәселе қаралды.

**Комитет қабылдаған ең маңызды шешімдер:**

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерін тағайындау бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар берілді;
- Холдинг Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің қызметі бойынша 2017 жылға мақсатты мәнімен негізгі көрсеткіштерінің карталары қаралып, мақұлданды.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

ДСтратегиялық жоспарлау комитетінің (бұдан әрі — Комитет) қызметі Холдинг қызметінің орта және ұзақмерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, Холдинг қызметінің басымды бағыттарын жүзеге асыру мен оның даму стратегиясының мәселелері бойынша Холдингтің Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу мен ұсынуға бағытталған.

**Комитет құрамы:**

- Филип Йео — тәуелсіз директор, Комитет төрағасы.
- Томас Миров — тәуелсіз директор, комитет мүшесі.
- Жеңіс Қасымбек — Инвестициялар мен даму министрі, Комитет мүшесі.
- Ерболат Досаев — Комитет мүшесі (01.01.2017 жылдан бастап 29.08.2017 ж. дейін).

2017 жылы Комитет 3 бетпе-бет және 1 сырттай отырыс өткізді, оларда 8 мәселе қаралды.

**Комитет қабылдаған ең маңызды шешімдер:**

- Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған түзетілген Даму стратегиясының жобасы қаралып, алдын-ала мақұлданды;
- Холдингтің 2017-2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары қаралып, мақұлданды;
- Холдингтің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2014-2016 жылдар қорытындысы бойынша орындалу барысы туралы есеп қаралып, мақұлданды;
- 2014-2018 жылдарға арналған Даму жоспарының 2016 жылдағы қорытындысы бойынша орандалу барысы туралы есеп қаралып, мақұлданды.

# 3.4 БАСҚАРМА

Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады, ол оның ағымдағы жұмысына басшылық жасайды және даму стратегиясы мен жоспарын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің орындалуы үшін жауап береді. Холдинг Басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысына, Жалғыз акционердің, Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдеріне, Басқарма туралы ережеге және Холдингтің өзге ішкі құжаттарына сәйкес атқарады.

Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне жалпы басшылық жасайды. Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің, Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Жалғыз акционер мен Холдингтің Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

Басқарма мен Басқарма төрағасы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі критерийі Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен, алға қойылған ҚНК қол жеткізу болып табылады. Басқарма мүшелерінің ынталандыру ҚНК бөлігіндегі ұсыныстарын Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма төрағасы енгізеді.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ӨМІРБАЯНДАР

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг Басқармасына алты адам кірген.



### ӘРІПХАНОВ АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ

**Басқарма төрағасы (2017 ж. 12 желтоқсаннан бастап), Директорлар кеңесінің мүшесі**

**1974 жылғы 28 қарашада дүниеге келген.**

**БІЛІМІ:** Қазақ мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған, ҚР ІІМ Дипломатиялық Академиясын үздік бітірген. «Болашақ» Президенттік бағдарламасы аясында Колумбия университетін бітіріп 2008 жылы, экономика саясатын басқару бағдарламасы бойынша мемлекеттік әкімшіліктендіру магистрі дәрежесін алды.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2004 жылдан 2006 жылға дейін — Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі.

2006 жыл — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары.

2006 жылдан 2007 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі.

2009 жыл — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі.

2009 жылдан 2010 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары. 2010 жылдан 2011 жылға дейін — «Қазақтелеком» АҚ басқарушы директоры.

2011 жылдан 2015 жылға дейін — «Казатомпром» ұлттық акционерлік компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма төрағасының міндетін уақытша атқарушы (31.03.2015 ж. бастап).

2015 жылдан 2017 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.

2017 жылғы қаңтар айынан бастап желтоқсан айына дейін — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары.

2017 жылғы желтоқсаннан бастап– «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының төрағасы.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** активтер мен корпоративтік қаржыларды басқару мәселелері (2017 жылғы 12 желтоқсанға дейін), Холдингтің ағымдағы жұмысын басқару, Холдингтің даму жоспарын қалыптастыру үшін жауапкершілік.



## ОМАРҚОЖАЕВ ӘНУАР САҒЫНӘЛИҰЛЫ

**Басқарма төрағасының орынбасары**

**1973 жылғы 23 қазанда дүниеге келген.**

**БІЛІМІ:** Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін, Бремен институтын (Германия) бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2002 жылғы шілде айынан бастап қараша айына дейін — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестицилар жөніндегі комитетінің атташесі.

2002 жылдан бастап 2006 жылға дейін — Қазақстан Республикасының ГФР-дағы Елшілігінің үшінші хатшысы.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Хаттамасының бас инспекторы.

2007 жылғы қаңтар айынан бастап наурыз айына дейін — Хатшылық меңгерушісінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің хаттама қызметінің басшысы.

2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін — Премьер-Министр Кеңсесінің сыртқы байланыстар және хаттамалар бөлімінің меңгерушісі — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі хаттамасының Бастығы.

2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының Хатшылығының меңгерушісі.

2014 жылғы сәуірден бастап 2016 жылғы 3 қазанға дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министр Кеңсесі Басшысының орынбасары.

2016 жылғы 3 қазаннан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** ақпараттық технологияларды дамыту және енгізу, құқықтық қамтамасыз ету, құрылыс және тәуекелдер мәселелері.



## ӨСКЕНБАЕВ ҚАЙЫРБЕК АЙТБАЙҰЛЫ

**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**1964 жылы 24 қазанда дүниеге келген**

**БІЛІМІ:** IIМ Қарағанды жоғарғы мектебін, Ақмола аграрлық университетін, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің Дипломатиялық академиясын, Йель университетін (АҚШ) бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2006 жылдан бастап 2011 жылға дейін — ҚР Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетінің төрағасы, Туризм және спорт вице-министрі.

2011 жылдан бастап 2016 жылға дейін — «Әскери бөлім 20015» РММ материалдық-техникалық қамтамасыз ету бас басқармасының бастығы, «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС бас директорының орынбасары, ҚР Өңірлік даму Бірінші вице-министрі, ҚР Ұлттық экономикасының вице-министрі.

2016 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директор — Басқармасының мүшесі.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** тәуекелдерді және тұрғын үй құрылыс активтерін басқару.



## ХАМИТОВ ЕРСАЙЫН ЕРБОЛАТҰЛЫ

**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**1983 жылғы 5 қыркүйекте дүниеге келген**

**БІЛІМІ:** А. Байтұрсынов ат. Қостанай мемлекеттік университетін бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2007 жылдан бастап 2009 жылға дейін — «БТА «Банк» АҚ Корпоративтік бизнес басқармасы бастығының орынбасары.

2009 жылдан бастап 2010 жылға дейін — «Самұрық-Энерго» АҚ Инвестицияларды басқару департаментінің бас менеджері

2010 жылдан бастап 2013 жылға дейін — «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің бас менеджері.

2013 жылдан бастап 2014 жылға дейін — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.

2014 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

2016 жылғы ақпан айынан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының мүшесі.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** Экономика, бухгалтерлік есеп және есептілік, қазынашылық мәселелері.



## ҚУАТОВА АЙНҰР САИНҚЫЗЫ

**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**1973 жылғы 13 қазанда дүниеге келген**

**БІЛІМІ:** Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Мидлсек университетін (Ұлыбритания) бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейін — «Ланкастер Инвест» АҚ вице-президенті.

2007 жылдан бастап 2010 жылға дейін –«КМК Мұнай» АҚ Бизнесті дамыту және маркетинг директоры.

2010 жылдан бастап 2012 жылға дейін — «Карповский Северный» АҚ президенті.

2012 жылдан бастап 2013 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің кеңесшісі.

2014 жылдан бастап 2015 жылға дейін — «Астана ЭКСПО — 2017» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

2015 жылдан бастап 2016 жылға дейін — «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Стратегия және бизнес трансформациясы Басқармасы Төрағасының орынбасары.

2016 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** инвесторлармен жұмыс, жобалық қаржыландыру және мемлекеттік- жекеменшік серіктестігі мәселелері.



**СЕЙІТЖАПАРОВА ДИНАРА НҰРЛАНҚЫЗЫ**

**Басқарушы директор — Басқарма мүшесі**

**1975 жылғы 1 шілдеде дүниеге келген.**

**БІЛІМІ:** Америка Университетінің Когод Бизнес Колледжін, Стэндфорд Университетінің Бизнес жоғары мектебін бітірген.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:** 1998 жылдан бастап 2002 жылға дейін — Дүниежүзілік Қайта құрылымдау және Даму банкінің Жобаларды бағалау департаменті директорының орынбасары.

2004 жылдан бастап 2005 жылға дейін — ICDM Group Инвестициялық Компаниясының басқарушы директоры.

2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін — «КМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары.

2006 жылдан бастап 2007 жылға дейін — «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК Корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры.

2007 жылдан бастап 2008 жылға дейін — «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК филиалы директорының орынбасары.

2007 жылдан бастап 2013 жылға дейін — «ҚазМұнайТеңіз» ҰТК» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

2013 жылғы 10 маусымнан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры — Басқарма мүшесі.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК САЛАСЫ:** стратегия және корпоративтік даму, талдау және зерттеулер мәселелері.

## 2017 ЖЫЛДАҒЫ БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі Ж. Қасымбектің 2017 жылғы 6 қыркүйектегі № 613 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының төрағасы Досаев Ерболат Асқарбекұлының өкілеттілігі мерзімінен бұрын 2017 жылғы 29 тамыздан бастап тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы А. Айдарбаевтың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №860 «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының төрағасы болып Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы тағайындалды.

## БАСҚАРМАНЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2017 жылы Холдинг Басқармасы 53 отырыс өткізді, оның 49 — бетпе-бет және 4 сырттай отырыс болды, Қабылданған ең маңызды шешімдер:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша 2017-2019 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді (04.10.2017 ж. № 38/17 хаттама)
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының жаңа редакциясы бекітілді (23.02.2017 ж. № 08/17 хаттама)
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2017 жылға арналған Комплаенс-қызметінің Комплаенс-бағдарламасы бекітілді (07.06.2017 ж. № 25/17 хаттама)
- Холдингтің 2018-2023 жылдарға арналған Цифрландыруға көшу стратегиясы бекітілді (27.12.2017 ж. № 53/17 хаттама)
- Холдингтің Қайырымдылық бағдарламасы бекітілді (01.03.2017 ж. № 10/17 хаттама)
- «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014-2023 ж. арналған Даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі Жобалық кеңсе туралы Ережесі бекітілді (07.06.2017 ж. № 25/17 хаттама).

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ 2017 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

| Басқарма мүшесі | Отырыстарға қатысуы | % | Басқарма құрамында болу кезеңі |
|---|---|---|---|
| Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы | 45/53 | 85 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Досаев Ерболат Аскарбекұлы | 34/34 | 100 | 01.01.2017-29.08.2017 |
| Омарқожаев Әнуар Сағынәлиұлы | 45/53 | 85 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы | 40/53 | 75 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Хамитов Ерсайын Ерболатұлы | 49/53 | 92 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Куатова Айнұр Саинқызы | 48/53 | 91 | 01.01.2017-31.12.2017 |
| Сейітжапарова Динара Нұрланқызы | 44/53 | 83 | 01.01.2017-31.12.2017 |

### БАСҚАРМА КОМИТЕТТЕРІ

**АКТИВТЕР МЕН ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ** — Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін сабағаттық-кеңесуші орган, оның негізгі мақсаты Холдингпен оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша, оның ішінде қарыз алуды қаржыландыру және активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаларына қол жеткізу, тәуекелдерді оңтайландыру (қаржы, операциялық, стратегиялық, құқықтық) мақсатында қаржы құралдарына инвестициялау мәселелері бойынша мәселелерді қарау және ұсыныстар жасау мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

**ҚЫЗМЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КОМИТЕТІ** — Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін консультациялық-кеңесу органы, оның негізгі мақсаты Холдинг пен оның ЕҰ даму жопарлары мен бюджеттерін келістіру және түзету тетіктері арқылы Холдинг пен ЕҰ бюджеттік жоспарлау қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

**КАДР САЯСАТЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ** — Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін консультациялық-кеңесу органы, оның негізгі мақсаты Холдинг пен ЕҰ персоналын басқару қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады. Комитеттің негізгі міндеттері Холдинг пен ЕҰ бірыңғай кадр және әлеуметтік саясатын қалыптастыру, корпоративтік мәдениетті дамыту болып табылады.

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТ** — Холдинг Басқармасы жанындағы тұрақты әрекет ететін консультациялық-кеңесу органы, оның негізгі мақсаты Холдинг пен ЕҰ инвестициялық қызметінің мәселелері бойынша Холдинг пен ЕҰ бірыңғай саясат қалыптастыру және оның қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

# 3.5 КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы Холдингтің Директорлар кеңесінің немесе Басқармасының мүшесі емес, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жұмыскері болып табылады, оны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Холдингтің Директорлар кеңесі алдында есеп береді.

Корпоративтік хатшының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдинг Жарғысымен, Холдингтің Корпоративтік хатшы туралы Ережесімен және Холдингтің өзге ішкі құжаттарымен анықталады.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 3 шешімімен бекітілген Холдингтің Корпоративтік хатшы туралы Ережесінің 1.3- тармағына сәйкес, Холдингтің Директорлар кеңесі шешімі бой-

ынша Холдингтің Корпоративтік хатшысы міндеттерін Холдинг жұмыскері емес және еңбек қатынастары оған таратылмайтын және сыйақы төленбейтін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жүктеуге болады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Холдингті басқаруға қатыспайды.

Корпоративтік хатшыға жүктелген міндеттерді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету Холдингтің Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Қызметті Корпоративтік хатшы Орынбасары — Корпоративтік хатшының қызметінің басшысы басқарады, ол Қызмет жұмыскерлерінің арасында міндеттерді анықтайды және бөледі. Корпоративтік хатшы қызметі Холдингтің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Корпоративтік хатшыға бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне:

- Холдинг органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін корпоративтік басқару ережелері мен процедураларын орындауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы заңнамалары мен Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесі шешімдерін дайындау шараларын жүргізуді қамтамасыз ету;
- Холдингтің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Холдинг туралы қажетті ақпаратты сақтауды, ашу мен беруді қамтамасыз ету;
- Холдинг органдары арасындағы нақты және тиімді өзара әрекетті қамтамасыз ету жатады.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 04/17 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоравтивтік хатшысы міндетін атқарушы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Алдабергенов Нұрлан Шәдибекұлы тағайындалды.

# 3.6 ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі — ІАҚ) миссиясы тәуекелге бағытталған тәсіл, ұсыныстар беру мен білім алмасу негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу арқылы ұйым құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ Холдингтің органы болып табылады, ол тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оған өз жұмысы туралы есеп береді.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ІАҚ туралы Ереже мен Холдингте ішкі аудит ұйымдастыру туралы Қағидаларға сәйкес, ІАҚ өз қызметін атқару барысында Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесі негіздерін (бұдан әрі (ХІАКТН) басшылыққа алады, оның құрамдас элементтері ішкі аудит миссиясы мен анықтамасы, ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің негізгі қағидалары, этика кодексі мен халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттары (бұдан әрі — ХІАКС), сондай-ақ ХІАКС қолдану бойынша нұсқаулықтар мен Ішкі аудит қызметі мен құжат айналымын ұйымдастыру бойынша Ішкі аудиторлар институтының практикалық нұсқаулары болып табылады.

Есепті жылда Холдингтің ІАҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ даму жоспарын орындау, әкімшілік шығындарының жекелеген түрлері бойынша лимиттерді сақтау, Холдинг Басқармасы мүшелерінің қызметтерінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерін есептеу, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет, ішкі бақылау, тәуекелді басқару мен корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін (кешенді) бағалау бойынша есептілікті қа-

лыптастыру және беру жағдайлары мен тәртібіне аудит жүргізілді.

Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жүйесін кешенді бағалау, ІАИ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар аудиті» (Auditing Anti-bribery and Anti-corruption Programs), «Ішкі аудит және алаяқтық» (Internal Auditing and Fraud) практикалық нұсқаулықтарының ұсыныстарын ескере отырып және БҰҰ қылмыс жөніндегі бөлімшесі (UNODC) әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы этика нормалары мен іскер кәсіпорындар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды орындауды қамтамасыз ету бағдарламасы» (An Anti-Corruption Ethics and Compliance Programme for Business: A Practical Guide) практикалық нұсқаулық критерийлері бойынша жүргізілді.

## 2017 ЖЫЛҒЫ КБЖ, ТБЖ МЕН ІБЖ ТИІМДІЛІГІНІҢ ЖИНАҚ БАҒАСЫ

%




Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 06.06.2011 ж. № 157 бұйрығымен (24.09.2014 ж. өзгерістерімен) бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқаруын бағалау ережелерінің критерийлерін сақтау деңгейлеріне аудит жүргізу нәтижелері бойынша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ КБЖ тиімділігінің жинақ бағасы 2017 жылдың соңында 89% құрады, ол Холдингте корпоративтік басқару сапасын тұрақты жетілдіру көптеген бағыттар бойынша жүргізілетіндігін көрсетеді.

2017 жылы ІАЖ барлық аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша ІАЖ 84 жинақ ұсыныстары негізінде Холдингтің релевантты бизнес-үрдістерін және негізгі корпоративтік жүйелерді: ақпараттық қауіпсіздікті, ақпараттық технологияларды, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті, жұмыскерлер қызметінің тиімділігін басқаруды, (автоматтандырылған) басқару есептілігін, ішкі (комплаенс) бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту мен жетілдіру бойынша Басқарманың түзету әрекеттерінің жоспарлары бекітілді.

Қызметтің бірінші бес жылдық қорытындысы бойынша, Холдингтің ІАЖ қызметіне сыртқы тәуелсіз тексеру жүргізілді. Сәйкестікті бағалау нәтижелері бойынша, «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС Холдингтің ішкі аудит қызметінің Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарының ережелері мен қағидаларына сәйкестігін растады. Сонымен қатар Холдингтің ІАЖ қызметін әрі қарай жетілдіру мақсатында «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізілетін кеңес қызметтерін формалдау және ішкі аудит мәселелері бойынша ішкі тренингтер өткізуге қатысты ұсыныстар берді.

# 3.7 КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ШИЕЛЕНІСІН РЕТТЕУ

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері басшылыққа алатын корпоративтік этика қағидалары мен нормалары Холдингтің Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 04/15 шешімімен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген.

Бекітілген іскерлік әдеп кодексіне сәйкес, Холдингтің негізгі құндылықтары меритократия, жауапкершілік, кәсібилік пен даму, бастамашылдық, өзара құрмет пен сенім, адалдық пен ашықтық, командалық рух болып табылады.

Холдинг қызметкерлері жыл сайынғы негізде бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексі нормалары бойынша тестті табысты тапсыруды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексі ережелерін сақтамау туралы мәліметтер жинау, оны бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасау, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысу жұмыстарын Холдинг Омбудсмені жүргізеді. Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісі бөлігінде Омбудсмен Холдингтің Корпоративтік шиеленістері мен мүдделер шиеленісін реттеу саясатына сәйкес, өз әрекеттерін жауапты тұлғалардың әрекеттерімен үйлестіреді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 шілдедегі шешімімен (хаттама №06/17) Холдинг Омбудсмені болып Корпоративтік хатшының орынбасары — Холдингтің Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Тұрғанова Майра Дүйсенбайқызы екі жыл мерзімге тағайындалды.

Холдинг пен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін шешімдерді қабылдаудың әділ, объективті және тәуелсіз үрдісін қамтамасыз ету мақсатында, Холдингтің Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 24 шілдедегі шешімімен (хаттама №06/14) Холдингтің Корпоративтік шиеленістері мен мүдделер шиеленісін реттеу саясатын бекітті.

Саясат шиеленістерді сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен процедураларын, сондай-ақ осы үрдістер аясында Холдинг органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің әрекеттерін реттейді.

**2017 жылы корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісінің пайда болу жағдайлары тіркелмеген.**

# 3.8 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 04.07.2017 жылғы шешімімен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет саясатының (бұдан әрі — Саясат) жаңа редакциясы бекітілді. Саясат міндеті еңбек міндеттерін атқару барысында ашықтық пен адалдық қағидаларын сақтауды қамтамасыз еттін Холдинг қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Холдингтің әрбір басшысы мен жұмыскерінің парызы болып табылады және ол білім беру, ескерту сипатындағы шаралар кешені арқылы да жүзеге асырылады. 2017 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша келесі шаралар өткізілді:

- 2017 жылғы шілде мен қазанда «Алаяқтық тәуекеліне қарсы әрекеттер және оның қатерін барынша азайту» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс / сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет» атты семинар өткізілді. Семинарға Холдинг пен еншілес ұйымдардың қызметкерлері қатысты.
- 2017 жылғы қараша айында Холдингтің барлық қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» Заңы мен Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет саясаты бойынша білімін тексеру мақсатында тест өткізілді. Тестілеу нәтижелері сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзышылықтың алдын алуды басқару мен ұйымдастыру негіздері туралы жұмыскерлердің жақсы хабардар екендігін көрсетті.

**2017 жылы Холдингте сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық фактілері тіркелмеген.** Орта мерзімді перспективада Холдинг пен еншілес ұйымдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтау бойынша бақылауды күшейтуге, сондай-ақ Холдингте оларды қабылдамаудың қатал атмосферасын қалыптастыруға бағытталған жұмыс жалғастырылатын болады.

## ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛГЕН ЭКСПОРТТЫҚ КЕЛІСІМШАРТТАР

- қолдау көрсетілген өндірушілер саны, бірл.
- қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы, млрд теңге










2013—2017 жылдары шикізаттық емес салалардағы тауар өндірушілердің экспорттық келісімшарттарына қолдау көрсету көлемі

**ЕСЕДЕН 5 АРТЫҚ ӨСТІ**

# 4. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

## 4.1 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МЕН ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Тәуекелдерді басқару үрдісінің мақсаты пайда алу мүмкіншіліктерін барынша пайдалану мен жоғалтуларды болдырмау арасындағы теңгерімге қол жеткізу болып табылады. Осы үрдіс басқару үрдісінің маңызды құрамдаушысы және дамыған корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдинг тәуекелдерін басқару үрдісінің негізгі элементі оның ұйым ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаларымен, бизнес үрдістермен кіріктірілуі және әр жұмыскердің тәуекелдерді басқару үрдісіне тартылғандығы болып табылады.

Холдингте Тәуекелдерді басқару саясаты әрекет етеді, онда тәуекелдерді басқару үрдісінің негізгі қағидалары бекітілген:

- Тұтастық — Холдинг пен ЕҰ жинақ тәуекелінің элементтерін корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша қарастыру;
- Ашықтық — тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесіне дербес немесе оқшауланған жүйе ретінде қарауға тыйым салу;
- Құрылымдылық — тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің нақты құрылымы бар;
- хабардарлық — тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен толықтырылады;
- үздіксіздік — тәуекелдерді басқару үрдісі тұрақты түрде жүргізіледі;
- циклдік — тәуекелдерді басқару үрдісі оның негізгі компоненттерінен құрылған қайталанатын цикл болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Холдингте, Холдингтің келесі органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, Басқарманың тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшесі мен

өзге құрылымдық бөлімшелерді, сондай-ақ Ішкі аудит қызметін тарта отырып, тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқару арқылы берілген.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесіне шолу жүргізуде негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциясы Холдингтің ұзақмерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, Холдингте тәуекелдерді басқаруды реттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі бойынша есептерді қарау болып табылады. Холдингтің Директорлар кеңесінің жанында Аудит комитеті құрылған, ол Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, тәуелсіз сыртқы және ішкі аудитті бақылау бөлігінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру бойынша консультациялық-кеңесу органы болып табылады.

Басқарма тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру және корпоративтік саясаттарды орындау мен қадағалау үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құру үшін жауап береді. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Басқарма жанында Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді, оның негізгі міндеті активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру қағидаларына қол жеткізу, тәуекелдерді оңтайландыру мен қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

Холдингтің алға қойған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу мен оларға қол жеткізу барысында тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған маңызды құрылымдаушы — тиімді жұмыс істейтін ішкі бақылау болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру тәуекелдерге дереу, жауап бере алатын, негізгі және қосалқы бизнес-үрдістерге және Холдингтің күнделікті операцияларына бақылау жасай алатын, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің сәйкес деңгейдегі қатысушыларын кез келген маңызды кемшіліктер мен жақсарту салалары туралы дереу ақпарат бере алатын Холдингтің басқару жүйесін құруды көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмысы ішкі бақылау аясында Холдингтің барлық деңгейдегі жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларды оған тартуды және олардың тұрақты өзара әрекетін талап етеді.

Холдингтің Корпоративтік тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесі қызметтің барлық деңгейлері мен бағыттарын, бизнес-үрдістерді, есептілік/ақпарат түрлері мен операцияларды қамтиды. Осы жүйе жалпы белгілі қағидаларды, ережелер мен үздік практикаларды ескере отырып, ұйымдастырылған.

Бақылау процедуралары Холдинг мақсаттарын, міндеттері мен жоспарларын орындау, стандартты емес операцияларды анықтау мен жасау, сондай-ақ тәуекелдер мен Холдингтің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері тарапынан болуы мүмкін заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және болдырмау үшін тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету бойынша құжатпен тиянақталған шаралар мен әрекеттер жүйесі болып табылады. Бақылау процедуралары Холдингтің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және оларды Холдинг органдары, құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері орындауға міндетті.

Жалпы, Холдингте тәуекелдерді басқару, сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг компоненттерінен тұратын тұрақты, динамикалық және үздіксіз үрдіс болып табылады. **Есепті жылда Холдингте тәуекелдерді басқару бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:**

- Холдингте барлық бизнес-үрдістерге кешенді талдау жүргізілді, ол тәуекелдерді анықтау үрдісінің алдында жүргізілетін үрдіс. Холдингте бизнес-үрдістерді анықтау екі негізгі тәсілге: бизнес-үрдісті сипаттау мен реттеуге негізделеді. Осы тәсілдерді кезеңді пайдалану қандай да болмасын бизнес-үрдістің мәнін кешенді анықтау, сондай-ақ соңынан үздіксіз мониторингті қамтамасыз етуге арналған.
- 2017 жылға бизнес-үрдістердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасы бекітілді, ол Холдингтің негізгі бизнес-үрдістерін талдауға және олардың тәуекелдерге ұшырауын бағалау мен осы тәуекелдерді басқарудың бақылау процедураларын қалыптастыруға бағытталған ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің құралы болып табылады.
- әртүрлі компоненттер мен метрикалар бойынша тәбет-тәуекел бекітілді, ол Холдинг пен оның басшылары өздерінің бизнесті дамыту стратегиясы аясында қабылдауға дайын қысқа мерзімді де, сондай-ақ ұзақ мерзімді де негіздегі нәтижелердегі өзгерістер мүмкіндігі болып табылады.

2017 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасы тоқсан сайын тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді қарады, онда Холдинг тобының негізгі тәуекелдері мен оларды басқару бойынша іс-шаралар жоспары сипатталды, тәуекелдердің, тізілім мен тәуекелдер карталарының, сондай-ақ сыни тәуекел-

дерді басқару іс-шаралары жоспарының негізгі индикаторларына мониторинг жасалып, жанартылды.

Әрі қарай жетілдіру және даму мақсатында Холдинг орта мерзімді перспективада өзінің алдына келесі міндеттерді қояды:

- Холдингтің тәуекел-мәдениет деңгейін көтеру және оны Холдингтің корпоративтік басқару жүйесіне кіріктіру;
- Basel мен COSO тұжырымдамаларын ескере отырып, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі саласында Холдинг тобындағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау бойынша бар тәсілдерді кіріктіру және біріздендіру;
- Тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, тәуекелдер мен бақылау процедураларын тиімді бағалау, тәуекелдердің барлық түрлерін барынша азайту және Холдинг тәуекелдері бойынша есептерді шоғырландыру бағытында автоматтандырылған басқару есептілігі жүйесін енгізу аясында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін автоматтандыру.

# 4.2 ХОЛДИНГТІҢ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Холдинг негізгі тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру үрдісінде, сыртқы кеңесшіні тарта отырып жасалған, орталықтандырылған тәуекелдерді басқару жүйесінің моделі аясында бірыңғай стандартты ұстанады. Модельге басты тәуекелдер түрлері (өтімділік тәуекелі, нарық тәуекелі, кредиттік тәуекел), сондай-ақ оларды агрегаттау мен қалыпты және стресс жағдайларында есептелген агрегатталған тәуекелдер мөлшерін жабу үшін қолжетімді қаржы ресурстарының қолжетімділігін бағалау кіреді.

### ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді төлеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде пайда болады, ал ол, өз кезегінде, Холдингтің өзінің теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беруі үшін, орынды баға бойынша жеткілікті өтем құралдарымен қамтамасыз етілуіне ықпал етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды міндеттемелерін өтеу мерзімі басталуы бойынша олардың барлығын орындауға қажетті ақша қаражаттарының үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізеді.

Холдингтің өтімділікті басқару процедуралары келесілерден тұрады:

- өтімді активтердің қажетті деңгейіндегі ақша ағындарына байланысты осы ақша ағындарын негізгі валюталар мен есептеу бөлігінде болжау;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз құралдарының концентрациясы мен құрылымын басқару;
- қарызға қаржыландыру жоспарларын жасау;
- өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету, оны, кассалық өтімділік ажыраған жағдайда, қорғаныс шарасы ретінде еркін жүзеге асыруға болады;
- өтімділік пен қаржыландырудың берілген деңгейіне қолдау көрсету бойынша резерв жоспарларын әзірлеу;
- холдинг компаниялары Тобының теңгерімдік өтімділігі көрсеткіштерінің заңды түрде белгіленген нормативтерге сәйкестігіне бақылау жасау.

Шоғырланған негізде барлық мерзімдер бойынша өтімдіктің кумулятивті позициясы байқалады, ГЭП-ажыраулар болған жоқ.

## НАРЫҚ ТӘУЕКЕЛІ

Холдингтің нарықтық тәуекелі, нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің тәуекеліне ұшырайтын валюталық, пайыздық және үлестік ашық позицияларға байланысты.

Нарық тәуекелдеріне ұшырағыштықты басқару жүйелерінің мақсаты Холдинг өзіне қабылдайтын жинақ тәуекелін өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес деңгейде ұстап тұру болып табылады. Күтпеген жоғалтуларға әкеліп соғуы мүмкін нарық тәуекелдеріне ұшырағыштықты барынша азайту негізінде, Холдинг активтері мен капиталын барынша сақтауды қамтамасыз ету басымды болып табылады.

Нарық тәуекелдерін басқару үрдісіне келесі дәйекті кезеңдерді орындау кіреді:

- басқаруды жоспарлау — нарықтың тәуекелдердің әсер етуін тиімді басқаруды жүзеге асыру үшін релеванттық тәсілдерді анықтау;
- сәйкестендіру — Холдингтің қаржы нәтижелеріне теріс әсер етуге қабілетті нарық тәуекелдеріне ұшырағыштықтың сан-алуан түрлерін анықтау және құжаттандыру;
- сапалық бағалау — нарық тәуекелдерін сапалық талдау, олардың Холдингтің қаржы нәтижелеріне ықпалын бағалау үшін олардың пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау — нарық тәуекелдерін жүзеге асырудың пайда болу ықтималдығы мен олардың салдарларының әсерін сандық талдау;
- ден қоюды жоспарлау — нарық тәуекелдерін жүзеге асырудың кері салдарларын төмендету бойынша процедуралар мен әдістерді анықтау;
- ұшырағыштыққа мониторинг және бақылау жүргізу — нарық тәуекелдеріне мониторинг жасау және оларды уақтылы басқару процедураларын орындау; нарық тәуекелдеріне ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған әрекеттер тиімділігін бағалау.

Есепті жылда лимиттердің бұзылғаны байқалмады.

## КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Холдингтің кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін, ол контрагенттің қаржы құралы бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі болып табылады.

Кредиттік тәуекелді басқару мақсаты тәуекелдердің алдын алу, қарыз алушының өзінің қаржы міндеттемелерін орындамау салдарынан қаржы жоғалтулары пайда болу ықтималдығын төмендету.

Кредиттік тәуекелдерді басқару үрдісіне келесі дәйекті кезеңдерді орындау кіреді:

- сәйкестендіру — Холдингтің қаржы нәтижелеріне теріс әсер етуге қабілетті кредиттік тәуекелдерге ұшырағыштықтың сан-алуан түрлерін анықтау және құжаттандыру;
- сапалы бағалау — кредиттік тәуекелдерді сапалық талдау, олардың Холдингтің қаржы нәтижелеріне ықпалын бағалау үшін олардың пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау — кредиттік тәуекелдерді жүзеге асырудың пайда болу ықтималдығы және олардың салдарларының әсерін сандық талдау;
- ден қою — кредиттік тәуекелдеріді жүзеге асырудың кері салдарларын төмендету бойынша процедуралар мен әдістерді анықтау;
- ұшырағыштыққа мониторинг және бақылау жүргізу — кредиттік тәуекелдерге мониторинг жасау және оларды уақтылы басқару процедураларын орындау; кредиттік тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған әрекеттер тиімділігін бағалау.

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары 2016-2017 жылдары ЕДБ-нің өздері қабылдаған қаржылық міндеттемелерін орындамауына тап болды, ал ол Холдинг қорларының (провизияларының) елеулі көлемін қалыптастыруға өз әсерін тигізді.

Холдинг кредиттік тәуекелге ерекше назар аударады, кредиттік тәуекелдің деңгейі тұрақты түрде бір қарыз алушыға және/немесе байланысқан қарыз алушылар тобына максималды лимиттер белгілеу арқылы анықталады. Лимиттерді белгілеу барысында Холдинг халықаралық рейтинг агенттіктері берген контрагенттердің кредиттік рейтингілерін пайдаланады, сондай-ақ қаржы есептілігі бойынша қолжетімді деректер негізінде қаржы жағдайын бағалайды. Тәуекелдердің осы түріне мониторинг пен бақылауды Холдингтің уәкілетті органы жүргізеді. Бұл ретте лимиттер айына бір реттен кем емес түрде қайта қаралады.

## БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАРЫЗДАРЫ








76%

2017 жыл қорытындысы бойынша тұрғын үйді кредиттеу нарығындағы үлесі





2017 жылы қазақстандық ипотеканың

3-ші және 4-ші ТЕҢГЕСІН

Холдинг берген.

# 5. ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

## 5.1 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ

Холдингтің 2017 жылғы қорытындылары бойынша таза пайдасы 44 млрд теңгені құрады, ал ол 2016 жылғы мәннен 10% төмен. Таза пайданың қысқаруы, кредиттік портфельдің құнсыздануына резерв есептеп салуға байланысты, ал ол, өз кезегінде, клиенттерге берген кредиттердің өсуімен байланысты (құнсыздану резервтерін ескерместен), атап айтқанда, 2016 жылдың соңында берілген 1 958 млрд теңге кредит берілсе, 2017 жылдың соңында 2 225 млрд теңге берілді. Демек, 2017 жылы өсім 267 млрд теңгені құрады. Салыстыру үшін, 2016 жылы осы көрсеткіш өсімі 51 млрд теңгені құрады.

Холдингтің есепті жылдағы кірісі 330 млрд теңгені құрады, ал ол 2016 жылғы балама көрсеткіш деңгейінен 5% жоғары. Кірістер құрылымында ең үлкен табыс есепті жылда 219 млрд теңгені құраған негізгі қызметтерден түскен кіріс болды (66%).

### ХОЛДИНГ КІРІСТЕРІ

млрд теңге



## 2017 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

%




Холдингтің 2017 жылғы шығындары 2016 жылғы балама көрсеткіш деңгейінен 9% артық болып, 278 млрд теңгені құрады, бұл ретте шығындар көп үлесін (46%) қаржы шығындары құрады — 127 млрд теңге. Шығындардың артуы негізінен «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жылжымайтын мүлікті сатумен, сондай-ақ кредиттік портфельдің құнсыздануы бойынша резервтер құрылған кредиттер (өсім 2016 жылғы 14 млрд теңгеден 2017 жылы 38 млрд теңгеге дейін) бойынша клиенттерге берілген кредиттердің (2016 жылғы 51 млрд теңгеден 2017 жылы 267 млрд теңгеге дейін) өсуімен байланысты.

## ХОЛДИНГ ШЫҒЫНДАРЫ

млрд теңге




## 2017 ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫНДАР ҚҰРЫЛЫМЫ

%




2017 жылғы қорытындылар бойынша Холдинг активтері 8%-ға өсіп, 4 433 млрд. теңгені құрады. Актив көлемдерінің өсуі жаңа қарызтарды тартумен, жарғылық капиталды толтырумен, бөлінбеген пайданың өсуімен негізделеді. Холдингтің міндеттемелері есеп жылында 3 381 млрд теңгені құрады, ол 2016 жылғы балама көрсеткіш деңгейінен 7% жоғары. Осы өсім негізінен 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы жобаларын қаржыландыру, жолаушылар паркін жаңарту, отандық автоөндірушілер мен жалпы корпоративтік мақсаттар, бұрында тартылған қаражаттарды өтеу үшін 467 млрд теңге көлемінде жаңа қарыздар тартумен, сондай-ақ «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ клиенттерінің (жеке тұлғалардың) 114 млрд теңге қаражатын тартумен байланысты. Капитал 2016 жылдағы 943 млрд теңгеден 2017 жылы 1 052 млрд теңгеге өсті, ол негізінен жарғылық капиталды жалпы 44 млрд теңге толтырумен және бөлінбеген пайданы 60 млрд теңгеге көтерумен байланысты.

## АКТИВТЕР

млрд теңге




## МІНДЕТТЕМЕЛЕР

млрд теңге




## КАПИТАЛ

млрд теңге




Қарыз және жекеменшік капитал қатынасы 2016 жылғы 3,4-тен 2017 жылы 3,2-ге қысқарды. Қысқару капитал өсімінің (111%) міндеттемелер өсімі қарқынынан (107%) озық жүруіне байланысты, атап айтқанда, Холдинг міндеттемелері 2017 жылы (107%), 7%-ға өсіп, 3 381 млрд теңгені құрады, соның ішінде келесілер есебінен:

- 205 млрд теңге көлемінде борышқорлық бағалы қағаздар шығару (100 млрд теңгемен өрнектелген соның ішінде еурооблигациялар);
- 262 млрд теңге көлемінде кредиттер тарту;
- 114 млрд теңге көлемінде жеке тұлғалар қаражаттарын тарту.

Холдинг капиталы 12%-ға артты, оның ішінде 2017 жылы алынған 44 млрд теңге көлеміндегі таза пайда мен акционерлік капиталды 44 млрд теңгеге толтыру есебінен артты.

## БОРЫШ/КАПИТАЛ

коэффициент




ROA көрсеткішінің 0,3 базистік тармаққа төмендеуі таза пайданың 10%-ға төмендеуіне және активтердің жылдық орта сомасының 13%-ға өсуіне байланысты.

ROE деңгейі 1,0 базистік тармаққа төмендеді, ол да таза пайданың төмендеу және жекеменшік капиталдың жылдық орта сомасының 10%-ға өсу себебіне байланысты.

## РЕНТАБЕЛЬДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

%

| Көрсеткіш | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROA (таза пайда/активтердің жылдық орта сомасы) | 1,7 | 1,3 | 1,0 |
| ROE (таза пайда/жекеменшік капиталдың жылдық орта сомасы) | 5,9 | 5,4 | 4,4 |

# 5.2 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Холдингтің инвестициялық қызметінің негізгі мақсаты, пайданы барынша көбейтуді есепке алмастан, қаржы тұрақтылығы параметрлерін сақтай отырып, экономиканың басым салаларын дамытуға, қолдауға және сауықтыруға көмек көрсету болып табылады. Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының инвестициялық қызметі:

- қайта бөлу деңгейі мен еңбек өнімділігінің деңгейі жоғары өндірістер құру жобаларын инвестициялауға;
- әлеуметтік және аймақтық диспропорцияның төмендегенінен ескере отырып, бар жұмыс орындарын сақтау мен жаңа жұмыс орындарын ашуға;
- экономиканың шикізаттық емес секторларының жобаларын инвестициялауға;
- проблемалық (стрестік) жобаларды (активтерді) сауықтыруға және оларды оңалтуға бағытталған.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтің еншілес ұйымдары 228 инвестициялық жобаны (оның ішінде 13 экспорттық операцияны) жүзеге асырды, олар бойынша Холдингтің 2 385,1 млрд теңге болатын қатысуымен бірлескен құны 5 873 млрд теңгеге қаржыландыру ашылған.

# 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ЖОБАЛАР САНЫ

| | Жобалар саны, бірл. | Жобалар құны | Холдингтің қатысуы |
|---|---|---|---|
| | | млрд теңге | млрд теңге |
| «ҚДБ» АҚ | 62 | 5 077,6 | 2 110,7 |
| «ҚИҚ» АҚ | 53 | 369 | 73 |
| «ҚКМ» АҚ | 58 | 127 | 66 |
| «ҰТДА» АҚ | 5 | 3,6 | 1,7 |
| «БРК-Лизинг» АҚ | 50* | 206 | 133,7 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **228** | **5 783,2** | **2 385,1** |

* Автоөндірушілерге қолдау көрсету (заңды тұлғалардың лизингке жүк автомобильдері мен автобустарды сатып алу) мен «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында т/ж вагондарын сатып алу ескерілмеген

Холдинг жобалары портфелінің құрылымында ең үлкен меншікті салмақ, борыш қалдығы бойынша «ҚДБ» АҚ-на келеді, онда жалпы қатысу сомасы Холдингтің барлық инвестицияларының 88% жуығын құрайды.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Инвестициялық қызмет аясында Холдингтің еншілес ұйымдары отандық бизнеске келесілер арқылы қолдау көрсетеді:

- өңдеу өнеркәсібі мен өндірістік инфрақұрылымға инвестициялық жобаларды жеңілдікпен орта және ұзақ мерзімді кредит беру;
- жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар аясында айналым құралдарын кредиттеу;
- экспорттық және экспорт алды кредиттеу;
- лизингтік қаржыландыру;
- жобалық компаниялар капиталын инвестициялау.

## КРЕДИТТЕУ

2017 жылдың қорытындылары бойынша Холдинг Тобы ірі бизнеске жалпы сомасындағы 422 млрд теңге кредиттер берген, ол 2017 жылы ҚР шикізаттық емес саланы (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік пен логистика, байланыс пен коммуникациялар) ұзақ мерзімді кредиттеудің жалпы көлемінің 44% құрайды.

2017 жылы Холдингтің еншілес ұйымдарының кредиттік құралдары 264 млрд теңге сома тұратын 20 инвестициялық жобаны қаржыландыруға бағытталды.

Өңдеу өнеркәсібінің 11 инвестициялық жобасына 2017 жылы 182 млрд теңге сомасына кредит берілді. Олардың ішінде «Батыс Қазақстан облысында мотор жанармайын өндіру кешені», «Маңғыстау облысында минерал тыңайтқыштар өндіру зауытын жаңғырту», «Қарағанды облысында полиметалл кендерін қайта өңдеу бойынша Жайрем тау-кен байыту комбинатының құрылысы», «Оңтүстік Қазақстан облысында күш трансформаторларын өндіру зауыты құрылысын салу», «Атырау облысында мұнайгаз жабдығын өндіру зауытын кеңейту» және т.б. сияқты ірі стратегиялық жобалар бар.

Бұдан басқа, Холдинг Тобы 2017 жылы өндірістік инфрақұрылым салаларында өңдеу өнеркәсібінің энергетика қуатына қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін, сондай-ақ компанияларға логистика мен коммуникацияларға қолжетімдікке жол ашатын сомасы 82 млрд теңге болатын 9 инвестициялық жобаны қаржыландыр»ды. Ол «Шығыс Қазақстан облысындағы Тұрғұсын гидроэлектр бекетінің құрылысы», «Астана халықаралық әуежайының жолаушылар терминалын қайта құрылымдау», «Оңтүстік Қазақстан облысында көлік-логистикалық кешенін салу», «EXPO-2017» ұйымдастыру аясында Hilton қонақүйін салу», Оңтүстік Қазақстан және Ақтөбе облыстарындағы газ тарату желілерін жаңғырту» және т.б. сияқты жобалар.

Сондай-ақ 2017 жылы отандық автоөндірушілерді қолдау аясында «ҚДБ» АҚ 158 млрд теңге болатын 11 экспорттық (экспорт алды) операцияларды қаржыландырды. «ҚДБ» АҚ тарапынан көрсетілген қолдау шараларының арқасында 2017 жылдың қорытындылары бойынша трансформаторларды, минералды тыңайтқыштарды, мырыш өнімін, мотор майларын, қайта өңделген алюминийді, кондитер бұйымдарын, май өнімдері мен өзге қайта өңделген тауарларды экспорттау қамтамасыз етілді. Қолдау көрсетілген компаниялар өнімі Орталық Азия (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан) елдеріне, Таяу Шығыс, Еуропа, Ресей Федерациясы мен ҚХР эксспорттталады.

Есепті жылда Холдинг Тобы ірі бизнесті қолдау аясында жалпы қарыз сомасы 526 млрд теңгеге 10 жаңа инвестициялық жоба мен 4 экспорттық операцияны қаржыландыруды мақұлдады. Ол «Астана EXPO-2017» жел электр бекетін салу», «Шымкент мұнай өңдеу зауытын қайта құрылымдау», «Павлодар мұнайхимия зауытын жаңғырту», «Қарағанды кешенді қорытпалар зауыты құрылысы», «Күш трансформаторларын өндіру зауыты» және т.б. сияқты жобалар.

**Холдинг құрылған мезеттен бастап 2013-2017 жылдар ішінде, Холдингтің еншілес ұйымдарының жалпы қарыз сомасы 1 331 млрд теңге болатын кредит алуы үшін, ірі бизнес компанияларының 64 өтінімін қаржыландыруды мақұлдады.**

2017 жылдың қорытындысы бойынша, Холдинг Тобының кредиттік құралдары есебінен жалпы жұмыс орнының саны 2 885 адам 11 ірі инвестициялық жоба пайдалануға берілді.

## ЛИЗИНГТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Нарықта сұранысқа ие қолдау көрсету құралдарының бірі әлеуметтік-экономикалық әсері маңызды шикізаттық емес салалардағы жобаларды ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру болып табылады.

2017 жылы жалпы сомасы 87 млрд теңгеге жуық 53 лизингтік мәміле қаржыландырылды, соның ішінде:

- «ББЖК 2020» аясында 16 млрд теңгеге 12 инвестициялық жобаны лизингтік қаржыландыру;
- ИИДМБ жобаларын жүзеге асыру үшін тартылған қаражаттар есебінен 28 млрд теңге сомасына 3 жобаны қаржыландыру;
- заңды тұлғалардың отандық автомобильдерді сатып алуы үшін 4 млрд теңге сомасына 30 мәміле қаржыландырылды;
- отандық өндірістің теміржол вагондарын сатып алу үшін 4 жоба қаржыландырылды;
- коммерциялық құралдар есебінен 6 млрд теңге сомасына 4 жоба қаржыландырылды.

2017 жылы лизинг құралы есебінен «Шымкент қ. күш трансформаторларын өндіру зауытының құрылысы», «Солтүстік Қазақстан облысындағы сүт өнімін өндіру зауытын кеңейту», «Қостанай облысындағы кондитер бұйымдарының қолданыстағы өндірісін кеңейту», «Маңғыстау облысында күн электр бекетінің құрылысы», «Ақмола облысында жел электр бекетінің құрылысы», «Тұлпар-Talgo» отандық теміржол вагондары мен теміржол жүк вагондарын сатып алуды қаржыландыру сияқты инвестициялық жобалар ашық қаржыландырылды.

2017 жылы лизингтік бағыт аясында жалпы сомасы 119 млрд теңге болатын 51 жаңа лизингтік мәміле қаржыландырылды.

2017 жыл қорытындысы бойынша «БРК-Лизинг» АҚ лизинг портфелінің көлемі алдыңғы жылғы деңгеймен салыстырғанда 89%-ға өсіп, 165 млрд теңгені құрады. **Холдинг құрылған мезеттен бастап 2013-2017 жылдары лизинг портфелі 5,5 есе немесе 136 млрд теңгеге өсті.**

## ЖОБАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАР КАПИТАЛЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Холдинг Тобына кіретін еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына инвестициялау қызметі мемлекеттік және жеке қатысумен тікелей инвестициялау қорлары арқылы әртүрлі кезеңдерде жобалық компанияларға үлестік қаржыландыру беру арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына көмек көрсетуге бағытталған. Тікелей инвестициялау қорлары (бұдан әрі — ТИҚ) пайыздар мен негізгі борышты төлеумен ауырлатылмаған «ұзын инвестициялар» береді. Тікелей инвестициялау қорларының дамуы экономиканың транспаренттігін көтеруге, корпоративтік басқару стандарттарын енгізуге ықпал етеді, сондай-ақ жергілікті персонал тәжірибесінің артуына әсер етеді. Капиталға инвестициялай отырып, ТИҚ портфельді компаниялардың барлық тәуекелдерін, оның акционерлері сияқты, өзіне қабылдайды.

Тікелей инвестициялау қорлары арқылы Қазақстанға институционалды инвесторлар, халықаралық даму институттары тәжірибесі көп ірі жекменшік инвесторлар атынан әртүрлі ірі серіктестер тартылған. Серіктестер қатарында — Еуропа Қайта құрылымдау және Даму Банкі (EBRD), Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), Халықаралық мүлікті басқару жөніндегі қытай инвестициялық корпорациясы (CITIC Group), «Роснано» АҚ, Азия даму банкі (ADB), Еуразия даму банкі (EDB), Жапон даму банкі (JDB), СИМ Банкі, Macquarie Group, Mubadala Инвестициялық компаниясы, Голландия даму қоры (FMO Entrepreneurial Development Bank) және т.б.

2017 жылы қорлар Холдингтің еншілес ұйымдарының қатысуымен Қазақстан Республикасының аумағында 4 жобаны инвестициялады. Холдингтің еншілес ұйымдарының жобалардағы үлесі 11 млн АҚШ долларын немесе 4 млрд теңгені құрады. Холдингтің еншілес ұйымдарының қатысуымен Қазақстандағы жобалар қорлардың инвестициялық портфелінің 71% артығын құрады. 2017 жылғы 31 желтоқсан жағдайына қорлар инвестицияларының көпшілік саны энергетикаға 37%, өңдеу өнеркәсібіне — 18%, көлік пен логистикаға — 13% бағытталған.

### «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КӨШБАСШЫЛАРЫ — ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ

2015 жылдан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ отандық көшбасшы-компанияларға кешенді қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасы экономикасын әртараптандыру мен дамытуға бағытталған «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары — Ұлттық чемпиондары» бағдарламасын (бұдан әрі — Бағдарлама) жүзеге асыра бастады.

Бағдарлама аясында 2017 жылы қатысушы компаниялар түсімі, 2016 жылғы балама көрсеткіш деңгейінен 14% артып, 484 млрд теңгені құрады. Түсімнің өсуі есепті жылда қатысушы компаниялардың еңбек өнімділігі деңгейін 17%-ға көтеруге ықпал етті. 2017 жылы қатысушы компаниялардың түбегейлі салымы 41 млрд теңгеге жуықты құрады, ал ол 2016 жылғы көрсеткіштен 8 млрд теңгеге артық. Бұл ретте теңгенің құнсыздануына ұшырау және соған сәйкес жабдық құнының өсу салдарынан көптеген компаниялар өздерінің инвестициялық жоспарларын қайта қарап, оларды кейінге қалдырды.

Бағдарламаны жүзеге асыруды бастағаннан бері жалпы сомасы 141,5 млрд тенгеге жуық болатын қаржыландыру мақұлданды, оның негізгі бөлігі «ҚДБ» АҚ мен «Даму» Қоры» АҚ құралдарына жатады — ЕДБ арқылы кредит беру және шартты қаржыландыру.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚАТЫСУШЫ КОМПАНИЯЛАРЫН 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНҒА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ

| Құрал | ЕДБ* | «ҚДБ» АҚ | «БРК-Лизинг» АҚ | «Даму» Қоры» АҚ | «ҚКМ» АҚ | «KazakhExport» ЭСК» АҚ | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Үлестік қаржыландыру** | | | | | 2,8 | | 2,8 |
| **Кредиттеу** | | | | | | | |
| Инвестициядық мақсаттар | | 27,8 | 7,9 | | | | 35,7 |
| АҚТ | 2,1 | 25,1 | | | | | 27,2 |
| Қайта қаржыландыру | 0,5 | | | | | | 0,5 |
| **ЕДБ арқылы шартты қаржыландыру** | | | | | | | |
| Инвестициядық мақсаттар | | 15,9 | | 1,8 | | | 17,7 |
| АҚТ | | 6,1 | | 2,0 | | | 8,1 |
| Қайта қаржыландыру | | 7,4 | | 1,7 | | | 9,1 |
| Мөлшерлемеге субсидия беру | | | | 38,9 | | | 38,9 |
| **Экспорттық қаржыландыру** | | | | | | 1,5 | 1,5 |
| **Барлығы** | **2,6** | **82,3** | **7,9** | **44,4** | **2,8** | **1,5** | **141,5** |

### 2015-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНДУСТРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Стратегиялық индустриалды және инновациялық жобаларды жүргізіліп отырған мемлекеттік индустриалдық инновациялық саясатқа сәйкес кредиттеу Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға Холдингке Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан 2014 жылы 75 млрд теңге, сондай-ақ Республикалық бюджеттен 2016-2017 жылдары 155 млрд теңге қарыз құралдары бөлінген болатын. ИИДМБ іске қосылғаннан бастап 2015-2017 жылдары бөлінген қаражаттар есебінен «ҚДБ» АҚ жалпы қарыз сомасы 363,3 млрд теңгеге 17 инвестициялық жобаны қаржыландырды.

### 2015-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «НҰРЛЫ ЖОЛ» ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарына сәйкес отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды 2015-2016 жылдары келесі төрт бағыт бойынша қаржыландыруды тетіктері көзделген:

1. отандық автоөндірушілерді қолдау;
2. отандық тікұшақ өндірісін қолдау;
3. жолаушы вагондарын өндіруді қолдау;
4. экспорттаушыларды қолдау.

**Жеңілдікпен автокредиттеу бағдарламасын жүзеге асыруды бастағаннан бері екінші деңгейлі алты банк отандық автоөндірушілердің автокөлігін сатып**

**алу үшін жалпы сомасы 4 млрд теңге болатын 9 877 кредит берді.**

«БРК-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 21 сәуірдегі шешімімен (№ 93 хаттама) ҚР ҰҚ қаражаттары есебінен отандық автоөндірушілерге қолдау көрсету аясында Лизингтік қаржыландыру бағдарламасы мен автоөндірушілерді қаржыландыру лимиті бекітілген. 2017 жылдың соңындағы жағдай бойынша лизингтік мәмілелерге енгізілген өзгерістерді ескере отырып (ішінара мерзімінен бұрын өтеу және қаржы лизингі шарттарын бұзу), автоөндірушілер бойынша 22 лизинг алушылар нақты игерген сома 3,99 млрд теңгені құрады (алғашқы орналастыру).

Отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету аясында құралдар Ұлттық қордан 3 (үш) траншпен берілді:

- 1 транш — 35 млрд теңге (2015 жыл);
- 2 транш — 15 млрд теңге (2015 жыл);
- 3 транш — 15 млрд теңге (2016 жыл).

1 және 2-транштар аясында 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚДБ» АҚ мен «БРК-Лизинг» АҚ 50 млрд теңге сомасына 10 экспорттық операцияны мақұлдады, оларды қайта орналастыруды ескергенде қарыз қаражаттарын бірлесіп игеру 156 млрд теңгені құрады, соның ішінде:

- «ҚДБ» АҚ қаржыландыруға мақұлдаған 9 экспорттық операция бойынша 153 млрд теңге;
- «БРК-Лизинг» АҚ экспорттық операциялары бойынша 3 млрд теңге.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚДБ» АҚ ҚР ҰҚ 3-ші траншы мен «Бірыңғай жинақтық зейнеткерлік қоры» АҚ тартылған қаражатты игеру аясында жалпы сомасы 41 млрд теңге болатын 10 экспорттық операцияны қаржыландыруды мақұлдады, бұл ретте игеру көлемі 73 млрд теңгені құрады (өтелген карыздар бойынша қаражаттарды қайта игеруді ескергенде).

Жалпы, Ұлттық Қор мен Республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттар есебінен «ҚДБ» АҚ ИИДМБ кезеңінде 30 кәсіпорынға қолдау көрсетті. Жобаларды пайдалануға беру мен жоспарлық қуаттарға шығу барысында қолдау көрсетілген кәсіпорындарда жалпы өндіріс көлемі 2 908 млрд теңгені құрайды (жобалардың бизнес-жоспарларына сәйкес), олардың 1 443,3 млрд теңгесі экспортқа жіберілетін болады. Жобалар аясында 16 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылады.

Банктің қаржылық қолдауы есебінен (тікелей кредиттеу аясында) пайдалануға берілген жобалар мен қолдау көрсетілген экспорттаушы кәсіпорындардың қолданыстағы қуаттарында 2017 жылдың қорытындысы бойынша өндірістің нақты көлемі 341 млрд теңгені, шикізаттық емес экспорттау көлемі — 232 млрд теңгені құрады.

# 5.3 ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

## 5.3.1 ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары бизнес пен қоғам мүдделерінің теңгерілімділігін, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруды қамтамасыз етуге тырысады. **Холдингтің тұрақты даму саласындағы принциптері:**

- ашықтық;
- есептілік;
- мөлдірлік;
- әдеп тәртібі;
- мүдделі тұлғалардың мүдделерін сақтау;
- заңдылық;
- адам құқықтарын сақтау;

- сыбайлас жемқорлыққа төзбеу;
- мүдделер шиеленісіне жол бермеу болып табылады.

Холдингтің тұрақты даму саласындағы қызметі БҰҰ Жаһанды шартында, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген принциптер мен ережелерге негізделген.

Тұрақты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды Холдингтің Директорлар кеңесі жүргізеді. Холдинг Басқармасы тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың сәйкес жоспарын қалыптастырады.

Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызмет жасау мен міндеттерін атқару барысында тұрақты даму қағидаларын ұстанады және орындайды, барлық қызметтерді оған тартуға ықпал етеді. Холдингте тұрақты даму практикасын енгізуге байланысты тақырыптар бойынша біліктілікті көтеруге ерекше назар аударылады.

Холдингтің тұрақты дамуды басқару бойынша қызметіне 7 негізгі бағыт кіреді және олар бірқатар ішкі құжаттармен реттеледі.

## ХОЛДИНГТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ҚҰЖАТТАРЫ

| | Маңызды тақырып | Қызмет бағыты | Тұрақты даму саласындағы қызметті реттейтін құжаттар |
|---|---|---|---|
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР | Экономикалық нәтижелілік | Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету | • Қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламенті<br>• Уақытша бос ақша қаражаттарын басқару ережелері<br>• Топтық ішкі қаржыландыру ережелері<br>• Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мен бюджет қаражаттарын пайдалану мониторингін жүргізу ережелері<br>• Тәуекелдерді басқару саясаты |
| | Тікелей емес экономикалық әсер | Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу | • Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету ережелері<br>• Қайырымдылық бағдарламасы |
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекеттері | Жұмыскерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру | • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты<br>• Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу шараларын жүргізу ережелері |
| ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР | Талаптарға сәйкестік | Жауапты қаржыландыруды дамыту | • Іскерлік әдеп кодексі<br>Келесі есеп жылында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Инвестициялық саясатын толықтыру жоспарланып отыр, ол қабылданған инвестициялық шешімдер аясында жауапты инвестициялау қағидаларын ескереді. |
| ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР | Жұмыспен қамтылу | Жоғары кәсіби команда құру | • 2015-2020 жылдарға арналған кадр стратегиясы<br>• Бос лауазымдарға үміткерлер іріктеу ережелері |
| | Оқу және білім | | • Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту ережелері |
| | Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер | Кадр әлеуетін басқару | • Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру ережелері<br>• Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелері |

### ХОЛДИНГТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Холдинг басшылығы БҰҰ Бас ассамблеясы 2015 жылы қабылдаған, кедейшілікті жоюға, жершары ресурстарын сақтау мен жалпы барлығына ортақ игілікті қамтамасыз етуге бағытталған 17 Тұрақты даму мақсатарына (бұдан әрі — ТДМ) қолдау көрсетеді.

Холдинг ТДМ-на қол жеткізу үшін, қызметті жауапты тәсілдердермен жүргізу, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес әртүрлі құралдарды беру арқылы, соның ішінде мемлекеттік бағдарламалар мен үкімет бағдарламаларын жүзеге асыру аясында қолдау көрсетеді. Холдинг қызметі төменде берілген ТДМ жүзеге асыруға тоғыстырылған.

## ХОЛДИНГ ҮШІН ЕҢ БАСЫМДЫ ТДМ

**МАҚСАТ 1**

Кедейшілікті жан-жақты барлық формада жою

**МАҚСАТ 2**

Аштықты жою, азық-түлік қауісіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту, ауылшаруашылығының тұрақты дамуына қолдау көрсету

**МАҚСАТ 5**

Гендерлік теңдік пен барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді қамтамасыз ету

**МАҚСАТ 8**

Қарқынды, толайымды және тұрақты экономикалық өсімге, толық және өндірістік жұмысбастылық пен барлық адамдар үшін лайықты жұмыстың болуына қолдау көрсету

**МАҚСАТ 9**

Тұрақты инфрақұрылым құру, толайымды және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға қолдау көрсету

**МАҚСАТ 11**

Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігі мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету

**МАҚСАТ 17**

Тұрақты даму мүддесінде Жаһанды серіктестік аясындағы жұмысты жүргізу мен белсендіру құралдарын нығайту

# 5.3.2 МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ

Холдинг барлық мүдделі тараптармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға ұмтыла отырып, мүдделі тараптармен дұрыс өзара әрекетке ерекше мән береді.

Мүдделі тараптарды анықтау барысында Холдинг пен оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптарды анықтау мен өзара әрекеттің халықаралық стандарттарын пайдаланады.

Мүдделі тараптар тізбесі мен олардың ықпал деңгейін анықтау мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 1 қазандағы шешімімен Холдингтің стейкхолдерлерінің картасы бекітілді. **Есепті жылда стейкхолдерлер Картасы, халықаралық мүдделі тараптарды анықтау мен өзара әрекеттер стандарттарын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі 2016 жылғы 1 қарашадағы № 465 бұйрығымен бекітілген, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарға арналған Типтік корпоративтік басқару кодексін ескере отырып, толықтырылды.**

Холдинг стейкхолдерін қолдау және оның қарсы әрекеттері деңгейіне жүргізілген бағалау, оның Холдингке ықпалының күшін бағалау, сондай-ақ стейкхолдер маңыздылығының параметрлері негізінде осы стейкхолдермен өзара әрекет стратегиясы жасалады.

# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ӘДІСТЕРІ

| Мүдделі тараптардың топтары | Мүдделі тараптардың мүдделері | Мүдделі тараптармен өзара әрекет стратегиясы |
|---|---|---|
| Жалғыз акционер | Холдингтің Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау | • Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Холдинг Жарғысына сәйкес негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару принциптері аясында Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.<br>• Қазақстан Республикасының заңнамасы, Холдинг Жарғысы, ішкі құжаттары талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру. |
| Басқару органы | Холдинг қызметіне жалпы басшылық жасау | • Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Холдингтің Жалғыз акционерінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа мәселелер бойынша, Холдинг қызметіне жалпы басшылық жасау. |
| Менеджмент | Холдингтің ағымдағы қызметіне басшылық жасау, Холдингтің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау | • Холдингтің Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау.<br>• Даму жоспары мен Холдинг қызметіне жататын басқа мәселелер жоспарын дайындау және жүзеге асыру. |
| Персонал | Жұмыс берушімен еңбек қатынастары. Жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайды | • Холдинг міндеттері мен функцияларын орындауға бағытталған лауазымдық өкілеттіліктерді орындау.<br>• Білікті және уәжді персонал қалыптастыруға бағытталған ашық, мөлдір кадр саясатын жүргізу. Барлық жұмыскерлерге олардың еңбек қызметі үрдісінде нәтижелерін әділ және адал бағалау арқылы тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, жұмыскерлерді тек қана кәсіби қабілеттері, білімі мен дағдылары негізінде іріктеу және карьералық өсіру. |
| Еншілес ұйымдар | Акционерлердің/қатысушылардың мүдделерін сақтау | • Холдингтің өз құқықтарын акционер/еншілес ұйымдар қатысушысы ретінде жүзеге асыруы. |
| Мемлекеттік органдар | Заңнамалық және атқару функцияларын орындау | • Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.<br>• Холдинг қызметінің негізгі бағыттарын келісу. |
| Клиенттер, тұтынушылар | Коммерциялық мүдделер / Әлеуметтік мүдделер | • Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық / қаржылық емес өнімдері мен қызметтерінің тұтынушылар күтеулеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.<br>• Шарттар бекіту, олардың орындалуын бақылау. |
| Жеткізушілер | Коммерциялық мүдделер | • Шарттар бекіту, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау. |
| Инвесторлар | Пайда алу мақсатында инвестициялау | • Жобалар мен негізгі қызметті жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту. |
| Серіктестер | Коммерциялық мүдделер | • Өзара пайдалы ынтымақтастық, бизнес-технологиялық үрдістерді жетілдіру және оларды автоматтандыру.<br>• Шарттар бекіту, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау. |
| Аудиторлар, Консалтингтік компания | Консалтинг қызметтері мен қаржы аудиті бойынша қызметтер көрсету | • Консалтинг қызметтері мен аудиттік қызметтер көрсету бойынша шарттар бекіту;<br>• Қаржы есептілігінің аудиті, сыртқы аудит. |
| Қаржы нститутары | Бос ақша қаражаттарын депозиттік шоттарға орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету | • Шарттар бекіту, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау. Қаржы көрсеткіштерін жақсарту. |
| Бұқаралық ақпарат құралдары | Холдинг қызметі туралы жариялымдар және ақпарат беру | • Ақпараттық қызметті келесілер арқылы ұйымдастыру:<br>• PR-бағдарламаларды жүзеге асыру;<br>• Мақсатты аудиторияға Холдингтің күшті жақтары мен мүмкіндіктерін жеткізу;<br>• Жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру;<br>• Шынайы, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ақпарат ашу арқылы Холдинг қызметінің мөлдірлігін қамтамасыз ету;<br>• Холдинг брендінің танымалдығын ұстап тұру;<br>• Қоғамға Холдинг қызметінің негізгі бағыттары бойынша қызмет нәтижелерін ұсыну. |

| Мүдделі тараптардың топтары | Мүдделі тараптардың мүдделері | Мүдделі тараптармен өзара әрекет стратегиясы |
|---|---|---|
| Бәсекелестер | Нарыққа қатысу үлесін арттыру | • Корпоративтік басқару кодексіне, Холдингтің іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидасын сақтау.<br>• Нарыққа мониторинг және талдау жүргізу. |
| Халық | Холдинг қызметінің мөлдірлігі | • Бедел аудиті, қоғамдық пікір сауалнамасы, PR-стратегиясын жүзеге асыру;<br>• Өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау;<br>• Әлеуметтік жауапкершілік, қызмет мөлдірлігі мен тұрақты даму қағидаларына практикалық сенімділікті көрсету;<br>• Жалпы қабылданған моральдік-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу. |
| Қоғамдық ұйымдар | Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру | • Заңнама нормаларын сақтау, қайырымдылық пен демеушілік көрсету;<br>• Ортақ мәселелер бойынша өзара келісім;<br>• Ассоциациялар және бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар өткізу. |

# 5.3.3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен серіктестік қарым-қатынас орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

### ЗАЕМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары заемдық қаржыландыруды облигациялар шығару және қарыз алу түрінде тартады. 2017 жылы мемлекеттік емес көздерден қарыздарды маңызды тарту «ҚДБ» АҚ еурооблигацияларын шығару болып табылды. 2017 жылғы 14 желтоқсанда «ҚДБ» АҚ айналым мерзімі 3 жыл және жылдық өтемге кірістілігі 9,625% 100 млрд теңге көлеміне деноминирленген өзінің дебюттік еурооблигацияларын орналастырды. Бұл ретте өтінімдер жинау аясында ұсынысқа бірлескен жаһанды сұраныс 169% құрады, ал ол халықаралық инвесторлардың ұлттық валютаға қызығушылығы мен сенімін көрсетті.

**2017 жылы Холдинг қарыздарының құрылымында мемлекеттік емес көздерден қарыз алу үлесі жоспар бойынша 60% кем емес болса, ол шамамен 63% құрады.** Бұл ретте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы мемлекеттік емес көздерден қарыз алу үлесін 2023 жылға 80%-ға дейін өсіруді көздеп отыр.

## 2017 ЖЫЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКТЕР МЕН ӨЗГЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНАН ТАРТЫЛҒАН ЗАЕМДАР

| Қаржы институтының атауы | Сома, млрд теңге | Өтеу мерзімі | Валюта |
|---|---|---|---|
| Росэксимбанк | 13 | 2030 | RUB |
| Росэксимбанк | 1 | 2027 | RUB |
| China Development Bank | 67 | 2030 | USD |
| China Development Bank | 16 | 2024 | USD |
| Asian Development Bank | 8 | 2020 | KZT |
| **БАРЛЫҒЫ:** | **105** | | |

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМДАРҒА НЕМЕСЕ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЙҒАН ҰЙЫМДАР

| | |
|---|---|
| Қытай | • China Development Bank, China Exim Bank<br>• China-Eurasian Economic Cooperation Fund (CEF)<br>• Bank of China<br>• CITIC Group, CITIC Capital<br>• Silk Road Fund, Asia Investment Finance Group Ltd |
| Жапония | • Sumitomo Mitsui Banking Corporation (SMBC)<br>• Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ<br>• Nippon Export and Investment Insurance (NEXI)<br>• Japan Technology Group Inc. |
| Оңтүстік Корея | • Korea Housing & Urban Guarantee Corporation<br>• Korea Trade Insurance Corporation |
| Иран Ислам Республикасы | • National Development Fund of Islamic Republic of Iran<br>• Islamic Republic of Iran Shipping Lines<br>• Bahrain Mumtalakat Holding Company |
| Сауд Аравиясының Корольдігі | • Islamic Corporation for the Development of the Private Sector<br>• Islamic Corporation for the Insurance of Investment & Export Credit (ICIEC) |
| Филиппины | • Asian Bank of Development |
| Ұлыбритания | • European Bank for Reconstruction and Development<br>• The Float Glass Consortium Limited |
| Германия | • Bausparkasse Schwäbisch Hall<br>• Claas, Siemens, Robert Bosch, CAC Chemie-Anlagenhau Chemnitz, DEG |
| Польша | • Bank Gospodarstwa Krajowego<br>• Polska Agencja Rozwoju Przedsiębiorczości,KUKE |
| Франция | • BPI France, Peugeot France,COFACE<br>• Veolia Water Solutions and Technologies JSC |
| Еуропа одағы | • European Investment Bank |
| Ресей | • АО «Российский экспортный центр»<br>• Евразийский банк развития (ЕАБР) |
| АҚШ | • Stewart Engineers<br>• Messina Group, Oppenheimer & Co., Blackstone Group, Warburg Pincus, Credit Suisse, KKR Global Institute |

**2017 жылы Холдинг келесі ірі келісімдер бекітті:**

- ШЫҰ БАБ кезекті отырысы аясында 2017 жылғы маусым айында «ҚДБ» АҚ мен Қытай Мемлекеттік Даму Банкі арасында «ҚДБ» АҚ жобаларын қаржыландыру мақсатында 500 млн АҚШ доллары сомасына Шектелмелі келісімге және «Шымкент МӨЗ қайта құрылымдау және жаңғырту» жобасын қаржыландыру үшін 607 млн АҚШ доллары сомасына Кредиттік келісімге қол қойылды;
- 2017 жылғы желтоқсан айында «ҚДБ» АҚ мен Банктер синдикаты арасында «Шымкент МӨЗ қайта құрылымдау және жаңғырту» жобасын қаржыландыру үшін 225 млн АҚШ доллары сомасына Sinosure сақтандыру төлемі мен Холдинг кепілдігі бойынша кредиттік келісімге қол қойылды;
- 2017 жылғы қазан айында «Даму» Қоры» АҚ Азия Даму Банкімен қоршаған ортаға барынша аз әсер ететін және әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға қолдау көрсететін микро-, шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 72 млрд теңге (немесе 200 млн АҚШ доллары) сомасына қарыз алу туралы жаңа келісім бекітті. Осы қарыз Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен тартылды, соның арқасында кәсіпкерлер қарыз құралдары есебінен жеңілдікпен кредит алуға үміттене алады.

# 5.3.4 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Холдинг өз қызметінің ерекшелігіне байланысты қоршаған ортаға маңызды әсер етпейді. Сонымен қатар, Холдингте қызметті жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы экологияға ұқыпты қарауға айтарлықтай назар аударылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Холдингтің еншілес ұйымдары үшін жауапты инвестициялау қағидаларын таратуды қамтамасыз етеді.

## «ЖАСЫЛ КЕҢСЕ»

2018 жылы Холдингтің жаңа бизнес-орталығында ғимараттың қоршау конструкцияларына мультифункционалды шыныны қолдана отырып, тиімді витраж жүйесін қолдану есебінен жылу жоғалтуларын төмендету шаралары жоспарланып отыр. Сыртқы және ішкі қоршау конструкцияларымен бірге ғимараттың жылу қорғау қасиеттері, ауа алмасуды ескере отырып, ғимараттардың жылу жоғалтуын шектеуді қамтамасыз етеді. 2018 жылы қосымша келесі жылу үнемдеу шараларын жүргізу көзделіп отыр:

- үй-жайларда қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін жылу құралдарының жанынан термореттеуші арматуралар орнату;
- тұрба құбырлары үшін жылуоқшаулауды қолдану арқылы жылуды жоғалтуды азайту;
- шамдалдарға электр үнемдегіш шамдар орнату.

Автоматтандырылған ғимаратты басқару жүйесі жабдық пен ішкі өмірді қамтамасыз етуші инженерлік жүйелерді автономды және алыстан басқару мен мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Қағазды тиімді пайдалану мақсатында әрбір кеңседе макулатура жинауға арналған урналар қойылған.

# 5.3.5 ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Еншілес ұйымдары жұмыс орындарында жұмыскерлер еңбегін дұрыс ұйымдастыруға және Қазақстан Республикасының еңбек жағдайларының қауіпсіздігі саласындағы талаптарына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тырысады.

Өз қызметтік міндеттерін атқару барысында, сондай-ақ Холдинг үй-жайларында болған кезде, жұмыскерлер Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және Холдинг саясаттарына сәйкес, Холдингте қабылданған және әзірленген қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.

Еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында Холдинг Тобында жыл сайынғы негізде оқыту шаралары жүргізіледі. Мысалы, 2017 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдары өз қызметкерлері үшін еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі саласында кіріспе және жоспарлы нұсқамаларды тұрақты түрде жүргізді, сондай-ақ төтенше жағдайлардағы әрекеттер бойынша жаттығулар өткізді. 2018 жылы құрылымдық бөлімше басшылары үшін «Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі мен қорғау және өрт-техникалық минимумы» тақырыбында семинар өткізіп, соңынан Астана қ. бойынша еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік инспекторды комиссияға тарта отырып, арнайы емтихан тапсыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, «Қауіпсіздік және еңбек қорғау» тақырыбына бизнес-таңғы ас ұйымдастыру мен өткізу жоспарланып отыр, оның барысында өндіріс үй жайларындағы еңбек қауіпсіздігінің іргелі қағидалары түсіндірілетін болады.

**2017 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдарында жарақаттану жағдайлары болған жоқ.**

# 5.3.6 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Кадр саясатының міндеті Холдинг Тобына Холдингтің дамуы мен тиімділігінің өсуіне бағалы үлес қосуға қабілетті кәсіби шеберлерді тарту және ұстап қалу, сондай-ақ адами ресурстарға салынған инвестициялардан барынша көп пайда алу болып табылады.

**Холдингтің бірыңғай кадр саясаты келесі бағыттар бойынша дамиды:**

- персоналды басқару саласында халықаралық консалтинг компаниясымен бірігіп жасалған грейдтер (тегістеу) жүйесін енгізу, уәждік зерттеулер жүргізу, заңнамадағы өзгерістерді ескеру негізінде еңбек үшін әділ және бәсекеге қабілетті сыйлықақыны қамтамасыз ету. Лауазымдарды грейдтеу жүйесі кейіннен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық Тобы бойынша үрдісті енгізу үшін Орталық аппаратқа енгізілді;
- мөлдірлікті қамтамасыз ететін персоналды ашық конкурстық іріктеу сасяатын қолдану арқылы

еңбек ресурстарын тиімді жоспарлау, үздік жұмыскерлерден кіріктірілген кадр резервін құру, ұйымдастыру құрылымына талдау, оңтайландыру мен тиімділендіру жұмыстарын жүргізу;

- қызметті әділ және жүйелендірілген бағалау арқылы жұмыскерлердің еңбек өнімділігі деңгейін арттыру;
- персоналды тұрақты оқыту және дамыту жүйесін, заманауи технологиялар мен ақпаратты басқару жүйелерін енгізу арқылы адами капиталды табысты басқару;
- ішкі корпоративтік көздер мен коммуникация арналарын, соның ішінде ішкі портал (интранет), жұмыскерлер өкілдерінің институты мен жергілікті жерлердегі әлеуметтік серіктестік органдары және басқа механизмдерді ұйымдастыру көмегімен жұмыскерлерді тұрақты ақпараттандыру арқылы жұмыскерлермен тиімді коммуникация және өзара әрекетті орнату.

## ПЕРСОНАЛ САНЫ МЕН ҚҰРАМЫ

Холдингтің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша персоналдың орта тізімдік саны шамамен 2,5 мың адамды құрады, олардың жартысынан астамы –әйелдер.

Холдинг Тобы бойынша жұмыскерлердің орта жасы 36 жасты құрайды. Жоғары буын басшыларының саны барлығы 133 адам, оның 29 — әйел. Мүгедектігі бар жұмыскерлер саны 7 адамды құрайды.

### 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ХОЛДИНГ ТОБЫ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ЖЫНЫСҚА БӨЛГЕНДЕГІ ҚҰРЫЛЫМЫ




### 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША «БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ЖАС ТОБЫНА БӨЛІНГЕН БАСШЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕР САНЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



## ЕҢБЕКТІ УӘЖДЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Холдингтің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, жұмыскер еңбекақысын төлеуге, оның жеке қызмет деңгейінің тиімділігі мен нәтижелілігі арасында айқын өзара байланысты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыскерлерді кәсіби өсуге ынталандыруға бағытталған.

Лауазымдық жалақы мөлшері грейдтер құрылымы негізінде анықталады және Холдинг Басқармасы бекіткен лауазымдық жалақылар сұлбасы мен штаттық кестеге сәйкес белгіленеді. Лауазымдық жалақы сұлбасы, ішкі әділдік қағидасын сақтау (белгіленген диапазонда лауазымдарды ұйымдастыру құндылығы бойынша ұқсас төлем) және ішкі бәсекеге қабілеттілік (Холдинг қызметкерлерін тарту және ұстап қалу үшін базалық сыйлықақылардың жеткілікті деңгейі) қағидаларын сақтауды ескере отырып, қалыптастырылады.

Жұмыскерлерді де, басшыларды да қамтитын персонал жұмысының нәтижелілігін тоқсан сайын бағалау Холдингтің сандық және сапалық мәндерінде белгіленетін және оның негізгі стратегиялық басымдықтарын көрсететін негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Қызмет тиімділігін бағалау, өз кезегінде, жеке даму жоспарларын қалыптастыруға мүмкіндік береді және есепті кезең қорытындысы бойынша жұмыскермен кері байланыс жүргізудің тиімді құралы болып табылады.

Холдинг жұмыскерлері қызметінің нәтижелілігін бағалау мен жоспарлау циклі келесі кезеңдерден тұрады:

- жоспарлау — мақсатты ҚНК орнату және алдыға қойған ҚНК жету үшін жеке даму жоспарын жасау;
- бекіту — Холдинг Басқамасының жұмыскерлердің ҚНК картасы мен Директорлар кеңесінің басшылық ҚНК карталарын бекітуі;
- бағалау — нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту, оқу және кәсіби даму жоспарын орындау туралы есеп дайындау.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ КӨТЕРУ

Жұмыскерлерді оқыту және біліктілігін көтеру, Холдингтің даму стратегиясына сәйкес анықталған міндеттер мен жұмыскерлердің лауазымдық міндеттерін олардың тиімді орындауы үшін, жұмыскерлердің кәсіби және басқару қызметі саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, біліктіліктерін, қабілеттерін және дағдыларын жаңарту мен қосымша білімдер алу мақсатында жүргізіледі. Жұмыскерлерді оқыту мен кәсіби дамытуды ұйымдастыруды Холдинг келесі қағидалар негізінде жүргізеді:

- оқыту шараларының тақырыптары мен мамұнының жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне (жоспарлау және бағалау түрі), жұмыскердің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес анықталған қажеттіліктерге сәйкестігі;
- оқыту шараларының Холдинг қызметінің тиімділігін көтеруді, үздік корпоративтік практикалар мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге бағыттылығы;
- оқыту мен кәсіби дамытудың жүйелі, қолданбалылығы, жоспарлы сипаты;

- оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен Холдингтің барынша көп жұмыскерлерін қамту.

Холдингте электрондық және онлайн-оқу, әртүрлі салалардан сарапшыларды қатыстыра отырып дөңгелек үстелдер мен бизнес-таңғы ас сияқты озық тәсілдер мен әдістер, сондай-ақ семинарлар, тренингтер мен басқа оқу шараларын ұйымдастыру пайдаланылады. **2017 жылдың қорытындылары бойынша корпоративтік форматта оқыту шараларын жүргізу есебінен Холдингте қызметкерлер толығымен оқумен қамтылған.**

Есепті жылда Холдинг экономика және қаржы, жобаларды басқару, құқық және юриспруденция, корпоративтік басқару, бюджеттендіру және қаржыландыру, тіл курстары және т.б. сияқты салалардың тақырыптары бойынша жұмыскерлердің конференцияларға қатысуын ұйымдастырды. Барлығы 2017 жылы Холдинг жұмыскерлерін оқыту мен кәсіби дамыту бағдарламалары бойынша 114 іс-шара өткізілді. Оқыту юлйынша жүргізілшен шаралардың жалпы құны 34 214 мың теңгені құрады.

## БІР ЖҰМЫСКЕРДІҢ БІР ЖЫЛДАҒЫ ОҚУЫНЫҢ ОРТАША ЖЫЛДЫҚ САҒАТ САНЫ




## ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Холдингтің демеушілік және қайырымдылық қызметі халықтың аз қамтылған тобына, табысы аз азаматтарға көмек көрсетуге, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, мәдениетке, ғылым мен білімге қолдау көрсетуге бағытталған.

Есепті жылда Холдингтің демеушілік және қайырымдылық қызметі бағыттарының ішінде — «ДОС» тәуелсіз өмір орталығы» Қоғамдық мүгедектер бірлестігіне «Қазақстанда жүзеге асырылатын үздік әлеуметтік жобалар» көрмесін ұйымдастыру үшін қайырымдылық көмек көрсету. Осы шараны өткізу мақсаты азаматтық қоғам назарын мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға аудару болды. Конкурсқа ұсынылатын әлеуметтік жобалар қазіргі бар мәселелерді, мүмкіндіктер мен оларды шешу бағыттарының ерекше көрінісін көрсетті.

## ХОЛДИНГТІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ КӨЛЕМІ






2017 жылы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі бойынша жоспар

# 113,4%

орындалды



2017 жылы «Нұрлы жер» тұрғын-үй құрылысы бағдарламасын іске асыру шеңберінде

# 10 829 ОТБАСЫ

тұрғын үймен қамтамасыз етілді

# 6. ҚОСЫМШАЛАР

## 6.1 2017 ЖЫЛДАҒЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

### «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ

Қазақстанның даму банкі



#### МИССИЯСЫ

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі -«ҚДБ» АҚ) миссиясы еліміздің шикізаттық емес секторын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына қолдау көрсету болып табылады.

#### НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

«ҚДБ» АҚ басымды қаржыландыру бағыттары:

1. әлеуметтік-экономикалық әсері бар және келесілерді дамыту мен (немесе) құруға бағытталған инвестициялық жобалар болып табылады:

- энергетика, байланыс, көлік салаларындағы инфрақұрылым объектілерін, сондай-ақ көлік сатып алу;
- ауылшаруашылық өндірісін, оған қоса шикізат өндіру және/немесе сатып алу, шикізатты тасымалдау, оны өңдеу және дайын өнімді инвестициялық жоба аясында өткізу;
- өнеркәсіп өндірісі, оған қоса шикізатты өндіру, алу және/немесе сатып алу, шикізатты тасымалдау, оны өңдеу және дайын өнімді инвестициялық жоба, экспорттық операция, лизингтік операциялар аясында келесі салаларда өткізу:
  - металлургия өнеркәсібі және металл бұйымдар өндіру;
  - машина жасауі;
  - инвестициялық жоба аясында шығарылған/өндірілген материалдарды әрі қарай қайта өңдеу негізіндегі тау-кен өнеркәсібі;
  - химиялық және мұнайхимиялық өнеркәсібі, негізгі фармацевтикалық өнім мен препараттарды, резеңке және пластмасса бұйымдарын, металл емес минерал бұйымдарын өндіру.

- қызметтер саласындағы объектілер: туристік, экологиялық, медициналық, оқу, спорттық-сауықтыру және қонақүй объектілері;
- шет елдерде жүзеге асырылатын және Қазақстан Республикасы инфрақұрылымының, транзиттік әлеуетінің, қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, қызметтер мен капиталды дамытуға ықпал ететін жобаларға арналған жағдайлар;
- азық-түлік және сусындар өндіру саласындағы объектілер.

2. квазимемлекеттік субъектілер және (немесе) мемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын заңды тұлғалар жүзеге асыратын коммерциялық жобалар;
3. бағдарламаларды жүзеге асыратын, соның ішінде жобаны жүзеге асыру нәтижесінде құрылған/құрылатын/жаңғыртылған объектілердің бәсекелестік ортасына кейіннен беру мүмкіншілігін қоса, квазимемлекеттік субъектілердің және (немесе) мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғалардың (табиғи монополиялар субъектілерінің жобаларынан басқа) жобалары.



## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 1,7 | 1,8 | 1,2 |
| ROA, % | 0,3 | 0,3 | 0,2 |
| Борыш/Капитал | 5,0 | 5,6 | 5,3 |
| Активтері, млрд теңге | 2 128 | 2 449 | 2 564 |
| Активтер өсімі, % | 63 | 15 | 5 |
| Таза пайда, млрд теңге | 6 | 7 | 5 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «ҚДБ» АҚ Қазақстан эмитенттері үшін (шетелдік және отандық инвесторлардың кең кеңберу үшін) 100 млрд теңге сомасына дебюттік теңгеге деноминирленген еуробондтарының бұқаралық шығарылымын жүзеге асырды, қағаздар эмиссиясы көлемінің 98% халықаралық инвесторлар сатып алды.
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша 526 млрд теңге сомасына 14 кредит өтінімі мақұлданды (Жобалар ішінде: ШМӨҒ– 309 млрд теңге, ПМХЗ — 16 млрд теңге, ҚҚҚЗ — 64 млрд теңге, Жәйрем ТБК — 33 млрд теңге).
- 2017 жылы «ҚДБ» АҚ тікелей кредиттеу аясында жалпы сомасы 422 млрд теңгеге жобаларды қаржыландырды (2016 ж. салыстырғандағы өсім 2017 ж. 52%). Мысалы, есепті жылда «ҚДБ» АҚ 264 млрд теңге сомасына 20 инвестициялық жобаны және 158 млрд теңге сомасына 11 экспорттық (экспорт алды) операцияларды қаржыландырды.
- 2017 жылы 406 млрд теңге қарыздар тартылды, 607 млн АҚШ доллары сомасына кредит желісі ашылды (МҚДБ).
- «БРК — Лизинг» еншілес ұйымының лизинг портфелінің көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 89%-ға артып, 165 млрд теңгені құрады.

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Z05M7Y0, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а үй

**тел.:** 8 (7172) 79-26-79 (кеңсе), 8 (7172) 79-26-87, 79-26-08 (қоғаммен байланыс қызметі)

**e-mail:** info@kdb.kz (кеңсе), pressa@kdb.kz (қоғаммен байланыс қызметі)

**WWW.KDB.KZ**

# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АҚ



## МИССИЯСЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі — «Даму» Қоры» АҚ) миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдарын жүзеге асыру арқылы Қазақстанда микро, шағын және орта бизнестің (МШОБ) тұрақты дамуында белсенді рөл атқару болып табылады.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Екінші деңгейлі банктерге, лизингтік компанияларға, микрокредиттік ұйымдарға, факторинг компанияларына, кейіннен ШОБ субъектілерін кредиттеу үшін, құралдарды шартты орналастыру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- Екінші деңгейлі банктер мен «КДБ» АҚ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін кредиттер бойынша сыйлықақы мөлшерлемелерін субсидиялау, сондай-ақ лизингті қызмет жүргізетін өзге заңды тұлғалар мен үкіметтік және мемлекеттік бағарламалар аясында ШОБ субъектілері арасында бекітілген қаржы лизингі шарттары бойынша субсидиялау;
- Жекеменшік кәсіпкерлік субъектілерінің екінші деңгейлі банктер мен өзге заңды тұлғалардан кредиттер алуы барысында оларға кепілдік беру.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 17,6 | 5,8 | 4,1 |
| ROA, % | 5,4 | 1,6 | 1,2 |
| Борыш/Капитал | 2,7 | 2,5 | 2,2 |
| Активтері, млрд. теңге | 355 | 349 | 320 |
| Активтер өсімі, % | 59 | -2 | -8 |
| Таза пайда, млрд теңге | 16 | 6 | 4 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қордың барлық қаржы бағдарламалары бойынша жалпы кредиттер сомасы 549 млрд теңге болатын 11 936 жобаға қолдау көрсетілді.
- 2017 жылы ЕДБ мен лизинг компанияларына құралдарды шартты орналастыру бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 230 млрд теңге болатын 8 305 жуық қарыз алушы қаржыландырылды.
- 2017 жылы сыйлықақы мөлшерлемесін қаражаттандыру бойынша 2 310 жобаға қолдау көрсетілді. Кредиттер сомасы 276 млрд теңгені құрады.







- 2017 жылы жалпы сомасы 43 млрд теңге болатын кредиттерге кепілдік беру бойынша 1 321 шарт бекітілді.
- 2017 жылы моноқалалар мен шағын қалаларға, және экономиканың басым секторларына жалпы сомасы 40 млрд теңге болатын кредиттерге 1 211 кепілдік берілді.
- Есепті жылда қолдау алған кәсіпкерлік субъектілер 25 059 жаңа жұмыс орнын ашты, «Даму» Қоры» АҚ-нан қаржылық қолдау алған ШОБ субъектілері 294 млрд теңге сомасында салық төледі.




## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы,
A05C9Y3, Алматы қ., Гоголь көшесі, 111

**тел.:** 8 (727) 244-55-66,
8 (727) 244-55-77, 1408

**e-mail:** info@fund.kz

**WWW.DAMU.KZ**

# «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ



## МИССИЯСЫ

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (бұдан әрі — «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) миссиясы қазақстандық отбасыларды жекеншік тұрғын үймен қамтамасыз ету және өз Отанына сенімділігін нығайту.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдар қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- Тұрғын үй құрылыс жинақтарын салымшыларға тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізу үшін алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 14,1 | 20,0 | 18,8 |
| ROA, % | 3,4 | 4,1 | 3,7 |
| Борыш/Капитал | 3,4 | 4,2 | 4,0 |
| Активтер, млрд. теңге | 474 | 622 | 762 |
| Активтер өсімі, % | 12 | 31 | 23 |
| Таза пайда, млрд теңге | 15 | 23 | 26 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 31.12.2017 жылғы жағдай бойынша ТҚЖ туралы бекітілген шарттар саны 1 527 542, олар бойынша шарттық сома 4 806 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте, ТҚЖ туралы қолданыстағы шарттар 1 055 599 шартты құрайды, ал ол 2016 жылғы қорытынды бойынша көрсеткіштерден (814 629 шарт) 30% жоғары.
- Тұрғын үй құрылыс жинақтары шарттарын бекіту туралы шартты бекіту және шарттық соманы арттыру комиссиясы алынып тасталды.
- Жаңа сервис іске қосылды — ол бейнебайланыс бойынша менеджермен байланысуға және «Нұрлы жер» бағдарламасының талаптары бойынша кеңес алуға, оның аясында салынып жатқан тұрғын үйлердің шаршы метрінің құны туралы, сондай-ақ Банктің дайын объектілері мен өнімдері туралы қашықтан ақпарат алуға мүмкіндік беретін бейнебанкинг.
- «ҚТҚЖБ 24» интернет банкингінің ұтқыр қосымшасын жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді; «Қазпошта» АҚ, «Жинақ банкі» АҚ арқылы төлемдерді online режимінде қабылдауға ауыстыру жүзеге асырылды.
- Салымшыларға салымдар бойынша 20 млрд теңге көлемінде өтемақы төленді, оның ішінде Банктің жекеменшік құралдары есебінен 9 млрд теңге төленді.
- Мемлекеттік деректер базасымен кіріктіру жүзеге асырылды.



лық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйлықақының келесі мөлшерлемелері мақұлданды; аралық және алдын ала тұрғын үй қарыздары — 5%-дан.

- «Нұрлы жер» Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында 4 427 қарыз берілді;
- 2017 жылы тұрғын үй құрылысы мен сатып алу үшін Банктің кредиттер беру үлесі 76%-ға дейін өсті.
- Тұрғын үйді таңдау қолайлылығы мен бөлу мөлдірлігі үшін, клиенттерді, құрылыс компаниялары мен мемлекеттік органдарды бір платформада бірыңғай деректер базасына біріктіретін жаңа бірыңғай тарифтік «Баспана» бағдарламасы енгізілді.
- Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары мен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ тұрғын үй бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша «Жылжымайтын мүлік порталы baspana.kz» жүйесі — бірыңғай платформасы іске қосылды.

- 2017 жылы ақпараттық байланыс арналары арқылы нөлдік комиссиямен 1 127 мың төлем жүргізілді («Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ төлемдерінің арналарына: egov, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, терминалдары, QIWI, «Банк ЦентрКредит» АҚ терминалдары, «Казкоммерцбанк» АҚ арналары, Kaspi Bank, «Жинақ банкі» АҚ арналары, Paypoint, МЗТО, ҚР ҰБ, жұмыс берушілердің аударылымдары кіреді).
- «Әскери қызметкерлердің Банктің ағымдық және жинақ шотындағы тұрғын үй төлемдеріне қол сұқпаушылыққа кепілдік беру бөлігінде тұрғын үйге қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына өзгерістер енгізуге бастама жасалды, ол 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.
- Жастар үшін «Алматы жастары» атты жаңа тұрғын үй бағдарламасы өз жұмысын бастады, ол 35 жасқа дейінгі алматылықтарға өзіне жекеменшік пәтерін сатып алу үшін жеңілдікпен қарыз алуға мүмкіндік береді. «Алматы жастары» Бағдарламасы аясында 41 қарыз берілді.
- «Кеңесшілердің әлеуметтік желісі» ақпараттық жүйесі толықтырылды, ол банк агентіне салымшының үйінде немесе жұмыста отырып шот ашуына мүмкіндік береді.
- «Нұрлы жер» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Баспана» алдын ала тұрғын үй қарыздары мен ара-

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, А05А2ХО, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 91

**тел.:** 8 (727) 279-35-11, 300, 8-800-080-18-80

**e-mail:** mail@hcsbk.kz ((«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ банк қызметтерін көрсетуге байланысты емес мәселелер бойынша, сондай-ақ заңды тұлғалар хабарласуы үшін)

**www.hcsbk.kz/feedback/** («Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ банк қызметін ұсыну мәселелері бойынша жеке тұлғалар хабарласу үшін: сұрақтар, шағымдар, ұсыныстар)

**WWW.HCSBK.KZ**

# «ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ» АҚ

KAZYNA CAPITAL MANAGEMENT




## МИССИЯСЫ

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі — «ҚКМ» АҚ) миссиясы Қазақстанның экономикалық тұрақты дамуына қолдау көрсету мақсатында Қазақстанда private equity инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өндірістердің үлестік капиталына private equity қорлары көмегімен қатысу арқылы оларды қолдау және құру;
- Қазақстанға private equity қорлары арқылы экономиканың басымды шикізаттық емес секторларын бірлесіп қаржыландыру үшін халықаралық институционалды инвесторларды тарту, сондай-ақ отандық инвесторларды ынталандыру;
- Қазақстанға private equity үздік әлемдік практикасын енгізу үшін стратегиялық серіктестер ретінде жетекші халықаралық ұйымдар мен көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар басқарушы компанияларды тарту;
- Қазақстанда қажетті қаржы құралдары мен тетіктерін дамыту арқылы private equity инфрақұрылымын құру;
- Қазақстанда private equity тиімді дамыту үшін басқарушы компаниялар мен қорлардың дербес кластерін қалыптастыру.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 23,9 | -1,5 | 2,3 |
| ROA, % | 23,1 | -1,4 | 2,1 |
| Активтер, млрд теңге | 143 | 141 | 145 |
| Активтер өсімі, % | 37 | -2 | 3 |
| Таза пайда, млрд теңге | 29 | -2 | 3 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- 2017 жылы ТИҚ-на инвестициялар жоспар бойынша 5 280 млн теңге болса, ол нақты 6 650 млн теңгені құрады (орындалу 126%). Есеп кезеңі барысында автоматтандыру және роботтандыру, медиа индустриясы мен ойын-сауық саласындағы, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобалар инвестицияланды.
- 2017 жылдың аяғына таман «ҚКМ» АҚ инвестиция портфелі 66 112 млн теңгені құрады және оған 59 инвестициялық жоба кірді. Алдыңғы жылдағы ба-








лама кезеңдегі көрсеткіштермен салыстырғанда, «ҚКМ» АҚ инвестиция портфелі 8%-ға немесе 4 817 млн теңгеге артты.

- Сандық өрнекте «ҚКМ» АҚ инвестициялаған жобалардың көпшілігі энергетика саласында — 22 жоба және көлік саласында — 7 жоба жүзеге асырылды.
- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ТИҚ жалпы инвестиция портфеліне Қазақстан аумағындағы 25 жоба кірді, олар құны бойынша бүкіл инвестиция портфелінің 71% құрайды. Инвестиция портфелінің 29% басқа мемлекеттер аумағындағы 34 жобаны құрайды.

## «ҚКМ» АҚ ИНВЕСТИЦИЯ ПОРТФЕЛІНІҢ ОҢІРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ (ИНВЕСТИЦИЯ ПОРТФЕЛІ ҚҰНЫНЫҢ %)

%

◆ 71 % Қазақстан

◆ 19% Қытай



◆ 7% Ресей

◆ 1,5% Басқа елдер

◆ 1,5% Үндістан

### БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Z05M7Y0, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а үй

**тел.:** 8 (7172) 55-42-22

**e-mail:** info@kcm-kazyna.kz

**WWW.KCM-KAZYNA.KZ**

# «БӘЙТЕРЕК ДЕВЕЛОПМЕНТ» АҚ



## МИССИЯСЫ

«Бәйтерек девелопмент» АҚ (бұдан әрі — «БД» АҚ) миссиясы Қазақстан Республикасының құрылыс саласы үшін қаржы ресурстарының қолжетімдігін қамтамасыз ету болып табылады.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- ЖБО МБҚ сатып алу механизмдері арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бойынша «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қаржы операторы функциясын атқару;
- Құрылыс саласында келесілер арқылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру:
  - Инвестициялық жобаларды негізделген қаржыландыру;
  - «Digital Baiterek» жобасы аясында онлайн интегратор платформасын құру арқылы «бір терезе» қағидасы бойынша құрылыс компанияларына қызмет көрсету;
  - Құрылыс саласын қаржыландыру үшін сыртқы көздер құралдарын тарту;
  - «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары мен басқа ұйымдар үшін, заманауи техникалық құралдарды қолдана отырып, тұрғын үй құрылыс жобаларына қолдау көрсету.
- 2009-2010 жылдардағы арналған дағдарысқа қарсы шаралар мен «ЭКСПО-2017» жобаларын аяқтау.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 13,5 | 18,0 | 5,5 |
| ROA, % | 7,2 | 4,8 | 1,1 |
| Борыш/Капитал | 1,4 | 4,0 | 4,3 |
| Активтер, млрд теңге | 125 | 305 | 322 |
| Активтер өсімі, % | 61 | 145 | 6 |
| Таза пайда, млрд теңге | 7 | 10 | 3 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «БД» АҚ-ның «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қаржы операторы функциясын атқару аясында:
  - Жоспар бойынша 389,3 мың ш. м кредиттік және жалға берілетін тұрғын үйдің орнына 425,5 мың ш.м. тұрғын үйдің уақтылы пайдалануға берілуі қамтамасыз етілді;
  - «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ үшін жоспар бойынша 139,6 мың ш. м жалға





берілетін тұрғын үйдің орнына 142,7 мың ш.м. тұрғын үйдің уақтылы пайдалануға берілуі қамтамасыз етілді;
- Кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың жалпы сомасы 72 млрд теңге болатын облигациялары сатып алынды, жоспар бойынша 72 млрд теңге болған.

- Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында 2017 жылғы қазан айында жалпы құны 13 млрд теңге, ауданы 39,5 мың ш.м. болатын «Бәйтерек» бизнес орталығы пайдалануға берілді.






**БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ**

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Z05M7Y0, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а үй

**тел.:** 8 (7172) 76-95-60 (кеңсе), 8 (7172) 76-95-63 (баспасөз орталығы)

**e-mail:** office@bdevelopment.kz

**WWW.BAITEREKDEVELOPMENT.KZ**

# «ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ» АҚ

ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ



## МИССИЯСЫ

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ (бұдан әрі — «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ) қаржы операторы ретіндегі миссиясы ипотекалық кредит беру арқылы Қазақстан Республикасы халқы үшін тұрғын үй қолжетімдігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, «Стратегия — 2050» және мемлекеттік бағдарламалар алға қойған әлеуметтік-бағдарлы міндеттерді шешу мақсатында көпшілік халыққа жалға тұрғын үй беру арқылы халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейін көтеру болып табылады.

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының бағдарламасы аясында пайдалануға 203 мың ш. м. тұрғын үй пайдалануға берілді: Астана — 4,31 мың ш.м, Алматы — 117,19 мың ш.м, 2-ші деңгейлі қалалар 70,71 мың ш.м, 3-ші деңгейлі қалалар — 11 мың ш.м.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Жалға алынған тұрғын үйлерді кейіннен сатып алуды жүзеге асыру;
- Ипотекалық қарыздар бойынша сыйлықақылар мөлшерлемелерін қаражаттандыру;
- Екінші деңгейлі банктерден ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 8,3 | 6,3 | 6,7 |
| ROA, % | 1,9 | 1,2 | 1,5 |
| Борыш/Капитал | 4,1 | 4,0 | 3,3 |
| Активтер, млрд теңге | 244 | 255 | 250 |
| Активтер өсімі, % | 46 | 5 | -2 |
| Таза пайда, млрд теңге | 4 | 3 | 4 |







- Жоспар бойынша 2 000 млн теңгеге талаптар құқығын сатып алу керек болса, нақты 4 129 млн теңге сомасына талаптар құқықтары сатып алынды.
- «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында 14 млрд теңге сомасына халықтың 1 330 ипотекалық қарыздары қаражаттандырылды.



**БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ**

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, A05E3B4, Алматы қ., Алмалы ауданы, Қарасай батыр к-сі, 98

**тел.:** 8 (727) 344-12-22,
8 (727) 344-12-22, 1256 (баспасөз орталығы)

**e-mail:** office@kmc.kz

**WWW.KMC.KZ**

# «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЫ» АҚ

INVESTMENT FUND OF KAZAKHSTAN






## МИССИЯСЫ

«Қазақстанның Инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі — «ҚИҚ» АҚ) 2023 жылға миссиясы проблемалық жобаларды сауықтыру арқылы елдің тұрақты дамуына қолдау көрсету болып табылады.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Активтерді қайта құрылымдау;
- Наразылық-іздеу жұмыстарын жүргізу;
- Стресс активтерін басқару;
- Отандық және шетелдік стратегиялық инвесторларды тарту.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | -64,0 | 3,9 | -9,2 |
| ROA, % | -22,7 | 0,7 | -1,6 |
| Борыш/Капитал | 4,5 | 4,5 | 5,2 |
| Активтер, млрд теңге | 111 | 91 | 84 |
| Активтер өсімі, % | 45 | -19 | -7 |
| Таза пайда, млрд теңге | -21 | 1 | -1 |

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

- «ҚИҚ» АҚ активтерін бәсекелес ортаға беру процедуралары аясында сауда нәтижелері бойынша жалпы сомасы 337 млн теңге болатын 4 жоба бойынша қатысу үлесі жүзеге асырылды.
- 31.12.2017 ж. жағдай бойынша «ҚИҚ» АҚ инвестициялық портфелінің мөлшері «ҚИҚ» АҚ-ның инвестиция сомасымен 74 916 млн теңге болатын 49 жобадан тұрды, (оған «ҚДБ» АҚ-нан берілген жобалар бойынша цессиялардың әділ құнын қоса алғанда) оның ішінде «ҚДБ» АҚ-нан берілген 27 жоба.
- 2017 жылы «ҚИҚ» АҚ-ның «ҚДБ» АҚ алдындағы берешегін өтеу цессия шарттары бойынша 2 млрд теңгені құрады, демек қорытындылар бойынша «ҚДБ» АҚ алдындағы міндеттемелер мөлшері 65 млрд теңгені құрады.





- «ҚИҚ» АҚ активтері 2017 жылдың соңына таман 84 млрд теңгені құрады, ол жоспарланғаннан 9 млрд теңге аз, міндеттемелер 70 млрд теңгені құрады, ал жоспар бойынша ол 74 млрд теңге мәнінде болуы тиіс еді.
- 2017 жылы «ҚИҚ» АҚ 7 млрд теңге көлемінде жобалар бойынша инвестициялар қайтарылымын алды, оның ішінде 5-і ақша қаражаттары түрінде, ал 2-і — мүлік түрінде алынды.

### БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы,
Z05M7Y0, Астана қ., Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 55а үй

**тел.:** 8 (7172) 55-95-96 (жалпы),
8 (7172) 55-95-96, 100 (қабылдау бөлімі),
8 (7172) 55-95-96, 272 (кеңсе)

**e-mail:** ifk@ifk.kz

**WWW.IFK.KZ**

# «ҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ АГЕНТТІГІ» АҚ

NATD
national agency for technological development
технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік



## МИССИЯСЫ

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ (бұдан әрі — «ТДҰА» АҚ) миссиясы инновациялар мен оларды өндіріске енгізуге кешенді қолдау көрсету, жаңа технологиялық шешімдерге сұранысты ынталандыру және қанағаттандыру арқылы экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыруына қолдау көрсету болып табылады.

## НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- Технологиялық болжау үрдісіне қатысу;
- Инновацияларды дамыту саласында ақпараттық-аналитикалық және кеңес қызметтерін көрсету;
- Индустриалдық-инновациялық қызмет субъектілерінің жарғылық капиталына қатысу, шетелдік тұлғаларды қатыстыра отырып, заңды тұлғалар құру, инвестициялық қорлар құру немесе оларға қатысу және Қазақстан Республикасының заңнамасы көздеген өзге тәсілдер арқылы индустриалдық-инновациялық инвестицияларды жүзеге асыру;
- Технопарктерді, технологияларды коммерциялау орталықтарын, салалық контрукторлық бюролар, халықаралық технологиялар трансферті орталықтарын құруға, басқару мен үйлестіруге қатысу;
- Экономиканың басым секторларының технологиялық дамуын ынталандыру үшін ақпараттық, білім және қаржы ресурстарын тарту мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта болу;
- Жүзеге асырылатын индустриалдық-инновациялық жобалар, енгізілген технологиялар, технологиялық болжау бойынша жүргізілген аналитикалық зерттеулер нәтижелері туралы ақпаратқа қолжетімдікті қамтамасыз ету;
- Технологиялық бизнес-инкубациялау, технологияларды коммерциялау және технологиялар трансфертіне мемлекеттік қолдау көрсету механизмдерін жүзеге асыруға, индустриалдық-инновациялық қызмет субъектілерінің кадр, басқару және өндірістік әлеуетін күшейтуге қатысу;
- Индустриалдық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті органға сараптама тұжырымдарын және (немесе) ұсыныстар беру;
- Индустриалдық-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті органдарға инновациялық гранттар беру бойынша қызметтер көрсету;
- Технологиялық даму саласында индустриалдық-инновацилық жүйе тиімділігі туралы ақпарат жинау және талдау;
- Тәуекелдік инвестициялау бойынша инвестиция қорларының дамуына қолдау көрсету.

## НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіштер | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|
| ROE, % | 4,2 | 1,0 | -12,8 |
| ROA, % | 3,7 | 0,9 | -11,0 |
| Борыш/Капитал | 0,2 | 0,2 | 0,2 |
| Активтер, млрд теңге | 32 | 32 | 28 |
| Активтер өсімі, % | 6 | -1 | -13 |
| Таза пайда, млрд теңге | 1 | 0,3 | -3 |





## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ

